АҚМЕШІТ жастары

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 16 (397)
22 сәуір, 2021 жыл

30 ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

DEREK PEN DÄİEK

ТОЙЛАНБАЙТЫН ЖАСТАР МЕРЕКЕСІ

Бүгінде жастар әлем халқының 18 пайызын құрайды. Ал олардың басым көпшілігі дамушы елдерде. Жастарды қолдау мақсатында күнтізбеде арнайы үш мереке белгіленген. Олар: 12 тамыз күні атап өтілетін Халықаралық жастар күні мен 10 қараша – Дүниежүзілік жастар күні және 24 сәуір – Халықаралық жастар ынтымақтастығы күні. Осы аталған мерекенің ішінде жастардың басым көпшілігі жастар ынтымақтастығы мерекесінің барын білмейді. Ал бұл күннің жастар жобасын қолдауда, өзекті мәселені шешуде айтарлықтай үлесі бар. Тарихы 1955 жылдан басталады.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА

1955 жылы Азия мен Африка елдерінің Бандунг конференциясында шешім қабылданған күннен бастап, отаршылдыққа қарсылық білдіріп, бейбітшілікті қолдайтын жастардың халықаралық ынтымақтастығы күні деп белгіленген. Ал мереке әлем елдерінде 1957 жылдан бастап дәстүрлі түрде атап өтіледі. Ондағы мақсат – жастар мәселесіне қоғам назарын аударту.

Халықаралық жастар ынтымақтастығы күні әлем жастарын жақындастыруға ықпал етеді. Әсіресе шетелде оқитын жастар өзара пікір алмасып, тұрғылықты жердегі мәселені ел болып шешуге

Аяулым Белгібаева

олардың мұң-мұқтажына құлақ асады. Жапонияда жастар мерекесі тойланбайды. Оған арнаулы күн де белгіленбеген. Мұндағы халықтың барлығы өзін жас сезінетіндіктен жастар мерекесі деп бөлуді жөн санамайды. Себебі жапондықтардың орташа өмір сүру жасы – 88 жыл. Ойлап қарасаңыз, мұндағы 40 жастағылар да жастар қатарында, – дейді Жапония тұрғыны Аяулым Белгібаева.

атсалысуда мерекенің маңызы зор. Осы күні дәстүр бойынша жастар съездері, концерттер және басқа да мерекелік іс-шаралар өткізіліп келді. Бірақ Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұл мереке бас демеушіден айырылды. Осы себепті оны тойлау толығымен тоқтатылды. Қазіргі уақытта ол тек советтік мереке ретінде бағаланады, бұл көбінесе коммунистік бағыттағы партиялардың бастамасы бойынша жүзеге асады.

Халықаралық мерекені ТМД елдері ішінде көршілес Ресей ерекше атап өтеді. Себебі елдегі жастардың үлесі шамамен 39,6 миллион жасты құрайды. Бұл күнде олар жастар арасындағы жұмыссыздық пен баспана мәселесін қозғап, қоғамға ой салып, мерекенің маңызын арттыра түседі. Бұл мәселе біздің елде де бар. Бірақ біздің жастар бұл мерекені тойламайды.

– Бұрын-соңды мұндай мереке барын білмеппін. Қазір әлем жастарының бірігіп шешетін ғаламдық мәселесі өте көп. Сондықтан бұл күннің маңызын арттыру керек. Сонда ғана қоғам заманауи жастардың позициясына,

Осы орайда тағы бір мәрте тарихқа көз салсақ. 1945 жылы 10 қарашада Лондонда дүниежүзілік демократиялық жастар федерациясы құрылған. Ал 1943 жылдан бастап жастарға қызмет етуді қолға алған WFDY бірнеше елдің комсомол ұйымын біріктірген. Әртүрлі жастар ұйымдарын империализм мен реакцияға қарсы, бейбітшілік, демократия, ұлттық тәуелсіздік үшін, жастардың саяси, әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен мүддесін қорғау жолында күресуді мақсат

еткен WFDY коммунистік жастар интернационалының ісін жалғастырушы болып саналады. 1947 жылдан бастап WFDY Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивалінің ұйымдастырушысы болды. Бүгінде WFDY 65 елдегі 80 ұйымды біріктіреді. Олардың үшеуі ғана қазір Ресейде жұмыс істейді. WFDY штаб-пәтері Будапештте орналасқан. Тойланбайтын жастар мерекесінің қысқаша тарихы мен бүгінгі жағдайы осындай.

STORYTELLING

ВАКЦИНА АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Олжас РАМАЗАНОВ, «Болашақ» жоғары медициналық колледж директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары:

Covid-19 таралған бір жылда вирусты вакцинаның ғана жеңетінін түсіндік. Әйтпесе иммунитеттің қауіпті вирусқа қарсы тұра алмасы белгілі. Бүгінгі кейіпкеріміз Олжас Ермұхамедұлы да осы пікірде. Ел қатарлы екпеден ем күткен ол вакцина салдырудың үлкен жауапкершілік екенін айтады.

Олжас Рамазанов

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Екпеге сенімді болдым, себебі...

– Пандемия уақытында арақашықтықты сақтап, қоғамдық орында қорғанып жүру өте маңызды. Себебі коронавируспен ауырған адам вирусты жанындағы жеті немесе одан да көп адамға дейін жұқтыруы мүмкін. Бұл дегеніміз, әрбір адам тек өз өміріне ғана емес, қоғам денсаулығына да жауапты дегенді білдіреді. Екпе алу да сондай үлкен жауапкершілік.

Сол үшін аймағымызда «Спутник V» вакцинасы егіле бастағаннан, мен де ерікті түрде емханаға бардым. Екпе алар алдында өзіме сенімді болдым. Өйткені «Спутник V» вакцинасының 91,6 пайызға тиімді екені дәлелденген. Британиялық «The Lancet» медициналық ғылыми журналы жариялаған бұл ақпаратты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да растады. Әдетте «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп жиі айтамыз ғой.

Сол сияқты екпе салдыруды аурудың алдын алу деп түсінемін.

Сақтансақ, сақтайды...

– Екпе алған сәтте айтарлықтай ауырсыну сезімі болған жоқ. Дәрігердің нұсқауына сәйкес, үш күнге дейін екпе салдырған қолыма су тигізбеуге тырыстым. Барынша суық тигізбеуге, жылы жүріп, күтінуге мән бердім. Енді екпені екінші рет салдыруға дайындалып жүрмін. Мамандар екінші вакцина 21 күннен кейін салынатынын және ол иммундық реакцияны күшейте түсетінін ескертті. Көп жағдайда адамдар екпені бір рет алсам жеткілікті деп ойлайды. Бірақ сала мамандары вакцинаны екі рет алу арқылы ғана дерттен қорғануға болатынын түсіндірді. Сондай-ақ ел арасында айтылған «Спутник V» вакцинасының кері әсері жайлы алып-қашпа әңгімелердің де жалған екеніне көзім жетті. Өйткені вакцина алдырғаннан бері бірнеше апта уақыт өтсе де, ағзамда ешқандай ауырсыну болмады. Күн өткен сайын коронавирус инфекциясын жұқтырғандар санының артуы алаңдатпай қоймайды. Сондықтан дәл қазіргідей уақытта екпені еш үгіт-насихатсыз-ақ алу керек деп ойлаймын.

QAZAQ RADIOSYNA – 100 JYL

Дулат АБИБУЛЛАЕВ, «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС Бас редакторы – «Қазақ радиосы» радиоарнасының директоры:

ШЕКАРА ЖАБЫЛСА ДА, РАДИО ЖҰМЫСЫНА ШЕКТЕУ ЖОҚ

– Қасиетті қарашаңырақ «Қазақ радиосының» 100 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз! Әңгімемізді жаңа ғасырға аяқ басқан радионың бүгінгі тыныс-тіршілігі, тың бастамалары мен жаңалықтарынан бастасақ...

– Рақмет. Иә, Қазақ радиосы биыл ғасырлық тойын атап өтуде. Өздеріңіз білетіндей, Қазақ радиосы 1921 жылдың 1 қазанында ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының тікелей атсалысуымен сол кездегі Орынбор қаласынан ақпарат тарата бастады. Ал 1926-1931 жылдары Қызылорда қаласынан ақпарат таратты. Бұл – радио тарихындағы маңызды белестердің бірі. Қазір мерейтой қарсаңында біршама бастаманы қолға алдық. Жыл бойы радиосүйер қауымға арнап маңызды іс-шаралар, фотокөрмелер, радиокөпір ұйымдастырылса, бірқатар қалаларда «Қазақ радиосы» көшесін ашу жоспарланған. Одан бөлек, «Радиошежіре», «Толқындағы дәурен», «Ғизат ғұмыр» хабарлары эфирге шықты.

– Ақпараттың жаңа дәуірінде кітап оқымайтын, теледидар қарамайтын буын қалыптасып келеді. Бұл телеарна мен баспасөздің, радионың бұрынғы деңгейін бәсеңдеткендей. Радионың бүгінгі тыңдаушысы, яғни негізгі аудиториясы кімдер? Олардың сұранысы қандай?

– Расында бір кездері «енді телеарна төрге шығады, радионың қоғамдағы рөлі бәсеңдейді» деген сынды сарапшылардың пікірі жиі айтылатын. Бірақ дәл қазір көріп отырғанымыздай, қоғамда радионың рөлі артпаса, кеміген жоқ. Оны әртүрлі жастағы тыңдарман үлесіне қарап түзілген рейтингтерден байқауға болады. Жалпы аудио контентке сұраныс артқанын байқауға болады. Аудиоподкасттар мен тез қарқын алған ClubHouse әлеуметтік желісі сөзіме дәлел. Аудио өнімге, аудио контентке деген сұраныстың жоғары екенін күнделікті өмірде көріп жүрміз. Себебі қазір адамдардың қолы жұмыстан босай бермейді, яғни уақыты аз. Ал радио – қосымша жұмыстарды істей жүріп тыңдауға болатын ақпарат көзі. Мысалы, көлікті тізгіндеп отырып та, өзге шаруаларды істей жүріп те радио тыңдауға болады. Басқа БАҚ түрлерімен салыстырғанда радионың басты айырмашылығы мен ерекшелігі де осы. Қазақ радиосы аудиториясының алпыс пайыздан астамы – көлік тізгініндегі тыңдаушылар. Қазір әлемде ғана емес Қазақстанда да көлік саны күн сайын артып келеді, демек бұл радио аудиториясының да көбейіп келе жатқанын білдіреді. Оның үстіне кең байтақ еліміздің шалғай елдімекендері мен ұзақ тас жолдарда көпшілік Қазақ радиосы мен Шалқар радиосын тыңдайды.

3

Baspasózge jazylý – 2021

6 айға – 2000 теңге

Газет индексі – 65425

40-11-10 телефонына хабарласып, үйден жазылуға болады.

4 Билік жүрмейтін жеке меншік

5 Тазалық – ортақ талап

7 Еуропада жаңа жоба

ҚАРЖЫНЫҢ ИГЕРІЛУ ЖАЙЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларына арналған жиын өткізді. Отырыста аймақтың 2021 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы даму көрсеткіштері мен қаржының игерілу барысы сараланды.

Өңірде 2021 жылдың қаңтар-наурызында оң әлеуметтік-экономикалық жағдай қалыптасқан. Инвестиция көлемі 42,9 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңінде 107,6 пайыз болды. Құрылыс жұмыстарының көлемі 8 млрд теңгені құрады, 133,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 13,3 млрд теңгеге жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,7 пайызға артқан. Оның ішінде мал шаруашылығы өндірісінде 2,8 пайыздық өсім, ал өсімдік шаруашылығында 100 пайызды құрады.

Есепті кезеңде ет өндіру көлемі 3,4%-ға, сүт өндіру 2,2%, тауық жұмыртқасы 28,3%-ға артты. Ал, тұтыну бағаларының индексі наурыз айында 101,7 пайыз болды. Оның ішінде азық-түлік тауарларына баға индексі 103,0 пайыз, азық-түлік емес тауарларға 101,3 пайыз, ақылы қызмет 100,3 пайызға жеткен.

Бүгінде Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары аясында өңірде бизнес өкілдеріне 265 жоба ұсынылған. Айталық, биыл 13,8 млрд теңгелік 895 жұмыс орнымен қамтитын 96 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бүгінгі күні оның 15 жобасы іске қосылды. Наурыз айындағы жоспарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жобалар саны

404-ке жеткен. Енген жобалардың басым көпшілігі – ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге, дайын азық-түлік, азық-түлік емес және құрылыс тауарларын шығаруға бағытталған.

Жиында «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасының орындалу барысы сараланды. Бағдарлама арқылы Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария және Шиелі аудандарына қарасты ауылдық елді мекендерде 1,9 млрд теңгеге 13 инвестициялық жоба іске асырылып, нәтижесінде 117 жұмыс орны құрылатын болады.

Отырыста І тоқсанда игерілген қаржы мәселесі де талқыланды. «Қызылорда облысы бюджетінің 2021 жылдың 1 сәуіріне түсімдер болжамы 106,2 пайызға орындалды, оның ішінде өз кірісі 138,8 пайызға орындалып, облыс бюджетіне 4,6 млрд теңге артық түсті. Қызылорда облысы бюджетінің 2021 жылдың 1 сәуіріне шығыс жоспары 99,8 пайызға игерілді. Үнемделген қаржы көлемі 113,2 млн теңге», – деді облыстық қаржы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жаңабаев.

КОРОНАВИРУСТАН САҚТАН!

Өткеннен сабақ алу керек. Жағдай қайтадан күрделенбес үшін сақтық шарасына мән беріп, вакцина салдыру қажет. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен онлайн брифингте облыстық психикалық денсаулық орталығының дәрігері Нұрлан Нұрпейісов осылай деді.

Өңіріміз коронавирус инфекциясы бойынша «қызыл аймаққа» еніп, карантиндік шаралар күшейтілді. Ауруды жұқтыру деңгейі өршіп барады. Ғалымдар коронавирусты жеңетін жалғыз ғана жолдың бар екенін көрсетуде. Бұл – вакцина салдыру.

– Өткен жыл бәрімізге сабақ болу керек. Мен «Сейхун» провизорлық стационарында жұмыс жасадым. Күн, түн демей отбасымыздан алыстап, ел үшін еңбек еттік. Адамдарға дем жетпей қиналғанын көру бізге оңай болған жоқ. Сондықтан да осы жағдайдың қайталанбауы үшін санитарлық ережелерді сақтап, екпе салдыру қажет. Менде өз еркіммен екпе салдырған медицина саласы қызметкерлерінің бірімін. Вакцинадан кейін өзімді жақсы сезіндім. Күнделікті бетперде тағып, әлеуметтік арақашықтықты сақтаудың маңыздылығы айтылып жатыр. Құрметті қызылордалықтар, осы кеңеске құлақ асатын кез келді. Өз өміріңіз бен денсаулығыңыз үшін той-томалақтан бас тартқан дұрыс. Ауызбіршілік танытып, қауіпті кеселді жеңгеннен кейін бұрынғы алаңсыз күнімізге оралатынымызға сенемін, – деді Нұрлан Нұрпейісов.



IDEA DAY

«Сыр үміті» жастар қауымдастығының ұйымдастыруымен Qosyl Қызылорда қалалық жастар орталығында «Good deed» еріктілер клубының мүшелеріне арналған «IDEA DAY» шарасы өтті.

Шарада еріктілер өз идеясы мен жобасын облыстық мәслихат депутаты, «Сыр үміті» жастар қауымдастығының төрағасы Мағжан Ералиевке таныстырды. Кездесуде жастар тарапынан 15 жоба ұсынылды. Жобалар волонтерлік, жастардың рухани дамуы, бизнес, қайырымдылық, білім салаларына бағытталды.

Шара соңында Мағжан Абзалұлы жастардың жобаларына оң бағасын беріп, жобаларға алдағы уақытта қолдау көрсететінін айтты.

Ең үздік топ

Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары «Жас биолог» республикалық ғылыми-танымдық сайысында «Ең үздік топ» атағын жеңіп алды.

Арайлым Әшірмет, Баймырза Әбдірәсіл, Нұрай Бақытжанқызы, Бекжан Бектұрған және Бегім Қуанышбек бір жыл бойы «Биолог» анықтамалығы ұсынған тапсырмаларды белсенді орындады.

Ал қорытынды топтар сайысында жас өрендер ұсынылған сұрақтардың барлығына нақты әрі дұрыс жауап бере отырып, жоғары академиялық білімімен және танымдық қабілетімен ерекшеленіп, жеңіске жетті.

ӘКІМ ҚАБЫЛДАУЫНДА

Қармақшы ауданының әкімі Мұса Қалдарбеков түрлі деңгейдегі жарыстарда жүлделі орын иеленіп, аудан абыройын асқақтатып жүрген спортшыларды қабылдады.

Карантин талаптарына сәйкес санитарлық ережелерді сақтай отырып өткен кездесуге аудандық мәслихат хатшысы, аудан ардагерлері мен спорт саласының басшылары, чемпионаттар мен ел біріншіліктерінде жүлделі орындарды иеленген жастар мен жасөспірімдер қатысты.

– Спорт – денсаулық кепілі десек, спорттағы жетістіктер – ел мерейін өсіретін, азаматнамысы мен жігерін шыңдап, даңқын арттыратын тынымсыз еңбек пен төккен тердің жемісі. Киелі де қасиетті Қармақшы өңірінің абыройын асқақтату жолында спорт саласында жеткен жетістіктеріңізге алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта да спорт саласының сан қырлы сырларын меңгеріп, жеңіс туын әрдайым биіктен желбіретуге тілектеспін, – деді жиында сөз сөйлеген аудан әкімі.

Сонымен қатар кездесуде аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қошалақов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Есдәулетов сөз

сөйлеп, жас спортшыларға тілектестік білдірді. Кездесу соңында аудан әкімі Мұса Қалдарбеков үздіктер сапынан көрінген жас спортшыларға алғыс хаттар табыстап, сый-құрмет көрсетті.

АВТОБУС ПАРКІНДЕ

Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев Қызылорда автобус паркіне барып, мекеменің жұмысымен танысты.

Жолаушылар тасымалының сапасы және қоғамдық көліктердің бүгінгі жағдайымен танысқан қала басшысы мекеменің экономикалық әлеуетін назарға алды.

«Қызылорда автобус паркі» ЖШС өңір орталығындағы тасымалдау сапасын жақсарту және қоғамдық көліктердің жұмысын жүйелі басқару мақсатында 2013 жылы құрылды. Бүгінге дейін автопарк 135 жаңа автобуспен толығып, 6 әлеуметтік маңызы бар бағытта сыйымдылығы аз қоғамдық көліктерді ауыстыруға мүмкіндік берді. Алайда қазір автопаркке тиесілі қоғамдық көліктердің бірқатары ұзақ мерзімді, күрделі және ағымдағы жөндеуді қажет етеді. «Қала тұрғындарының қоғамдық көлікке деген сұранысын қанағаттандыру және қаламыздағы көлік қатынасын реттеу мақсатында бұл олқылықтарды тез арада реттеу керек» – деді қала әкімі.

Айта кетейік, бүгінде қалаішілік 25 бағытқа және 8 қала маңына қатынайтын барлығы 33 бағытқа, 585 автобус екі ауысыммен қызмет көрсетсе, оның

135-і автопарк теңгеріміндегі автобустар. Жеке тасымалдаушылармен келісім шарт негізінде 450 дана автобус халыққа қызмет көрсетіп келеді.

ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Шілде айынан бастап жаңа редакцияда қабылданған «Техникалық реттеу туралы» заң күшіне енеді. Аталған заңды іске асыру үшін Сауда және интеграция министрлігі 52 нормативтік-құқықтық актіні әзірлеуге тиіс.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс бойынша техникалық реттеу және метрология департаментінің басшысы Бауыржан Қарсақбаев айтты. Оның айтуынша, аталған құқықтық актілер аккредиттеу рәсімін жетілдіруге де қатысты. Қауіпті өнімнің үлгілерін іріктеу практикасын енгізу, өнімді алу және кері қайтарып алу тетіктерін регламенттеу, нарықты қадағалау институтын енгізу, бақылау және қадағалау процесін цифрландыру қажет.

– Жаңа редакциядағы заңды қабылдаудан күтілетін нәтижелер – ішкі нарықтағы өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті және сапалы отандық өнім үшін жағдай жасау. Сондай-ақ мемлекеттік бақылау-дың тиімділігін арттыру, сәйкестікті бағалау рәсімдерінің дұрыстығын қамтамасыз ету, техникалық реттеу саласындағы ұлттық заңнаманы ЕАЭО шеңберіндегі жоғары заңнамаға келтіру, – дейді департамент басшысы.

Қабылданған заң аясында қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қосымша заңға ілеспе қырық шақты нормативті-құқықтық акті қабылданады.

Айта кетейік, Президент Үкіметке жаңа редакциядағы техникалық реттеу туралы заңды дайындап, 2020 жылдың соңына дейін қабыл-

дауды тапсырды. Өйткені техникалық реттеу туралы заңнама бүгінгі талаптарға сәйкес келмейді. Бұдан басқа, Мемлекет басшысы «Өнім сапасы екінші орында қалмауға тиіс. Ұлттық сертификаттау жүйесін дамыту, ұлттық стандарттардың беделін қайтару қажет» деп атап өтті. Осылайша, отандық техникалық реттеу саласы түбегейлі қайта қаралды. Нәтижесінде 30 желтоқсанда жаңа редакциядағы заңға қол қойылды.

203 ІС-ШАРА ӨТЕДІ

Сыр өңірінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында бірқатар ауқымды шаралар жүзеге асады. Бағдарламаның 6 басым бағыты мен «Ұлы Даланың 7 қыры» аясындағы 17 арнайы жобасын іске асыруға бағытталған 203 іс-шара бар. «COVID-19» пандемиясына байланысты аталмыш шаралар онлайн форматта және санитарлық талаптарды қатаң сақтай отырып өткізіледі.

– Биыл Алаштың анасына баланған, қасиет қонған Сыр өңірінде біршама толымды істерді қолға алудамыз. Осы орайда ұлтына еңбегі сіңген ұлы тұлғаларды насихаттау, ұлықтау мақсатында іс-шаралар жоспарын бекіттік. Бұдан бөлек, өңірде жастар арасында бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру, оларға прагматикалық тәрбие беру мақсатында «Тұлға» жобасы жүзеге асырылуда. Аталған жоба аясында өз саласында жетістікке жеткен, жастарға үлгі боларлық азаматтар жайлы бейнероликтер дайындалып, Youtube бейнехостингінде жариялануда. Бұның барлығы елдің жаңғыруына, келешек ұрпақтың елі мен жерін сүюге, бәсекеге қабілетті жастардың жаңа бір тынысының ашылуына сеп болары сөзсіз, – деді «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Уәлихан Ибраев.

Бағдарлама аясында тәуелсіздіктің 30 жылдығы, Ыбырай Алтынсариннның 180 жылдығы, Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы, Әлихан Бөкейханұлының 155 жылдығы, Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдығы республикалық деңгейде аталып өтіледі. Ал өңірімізде Жалаңтөс

Баһадүрұлының 445 жылдығы, Сартай батырдың 310 жылдығы, Кете Жүсіп Ешниязұлының 150 жылдығы, Ыбырай Жақаевтың 130 жылдығы өткізіледі.

Бетті дайындаған: Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

QAZAQ RADIOSYNA – 100 JYL

Дулат АБИБУЛЛАЕВ, «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС Бас редакторы – «Қазақ радиосы» радиоарнасының директоры:

ШЕКАРА ЖАБЫЛСА ДА, РАДИО ЖҰМЫСЫНА ШЕКТЕУ ЖОК

Жалғасы. Басы 1 бетте

– Радио үшін прайм-тайм уақытының маңызды екенін білеміз. Осы уақыт аралығында көпшілікке қандай хабар ұсынасыздар? Жалпы рейтинг бойынша қайсы бағдарлама жоғары сұраныста?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, біздің тыңдаушылар үнемі жол үстінде жүреді. Сондықтан адамдар жұмысқа асығатын таңғы уақыт, қоғамдық көлікке қайта отыратын түскі үзілістегі сәт және үлкен қалаларда кептелісі көп кешкі уақыт прайм-тайм уақытына тура келеді. Сондай-ақ түнгі уақыттағы радио хабарлары да жақсы тыңдалады. Мысалы, кешкі серуенге шыққан жастар, болмаса, түнгі ауысыммен жұмыс істейтін тыңдаушылар радионы тұрақты тыңдайды. Сол үшін радиода таңғы, кешкі, түнгі тікелей эфирде жүргізілетін хабарлар дайындалады. Үш сағатқа созылатын таңғы хабарда барлық жастағы аудиторияны қамтысақ, «Армандастар» атты кешкі хабар мен «Түнгі толқынды» жастарға арнаймыз.

– Қарап отырсақ, қазір барлық сала заман ағымына қарай өзгеру үстінде. Соған орай, мамандар сандық жүйеге бейімделуде. Айтыңызшы, радиожурналистердің бүгінгі буынына қандай талаптар қойылады?

– Өте орынды сұрақ. Радио о баста пайда болғанда, қазіргі тілмен айтсақ, ең үздік технологиялық БАҚ түрі болған. Әуе толқынынан дыбысты жіберу сол кездегі ғылыми жетістіктің ең жоғарғы үлгісі болып саналған. Қазір біз телефон арқылы секунд сайын сөйлесеміз, бейнежазба жібереміз, жалпы айтқанда, әуе толқыны арқылы мыңдаған ақпарат жібере алатын мүмкіндікке иеміз. Сондықтан техникамен бірге радионың да ақпарат тарату технологиясы даму үстінде. Бұл ретте радиодағы тілшіге қойылатын талаптың да өзгеруі заңдылық. Оны біз пандемия кезінде айқын сезіндік. Қазір бізде аудионы үй жағдайында диктофонға жазып, оны ноутбукке түсіріп, қайта өңдеп, тікелей эфирге жолдайтын, техника тілін жетік меңгерген тілшілер бар. Бұл үрдіс алдағы уақытта да жалғаса береді. Бұрын радиода дыбысты таспаға жазатын болса, қазір бәрі цифрлық технологияға көшкен. Тіпті қазір диктофонға жазылған дыбысты мәтінге айналдырып беретін бағдарламалар шықты. Бұл радиотілшіге үлкен көмек. Техниканың күн сайынғы тың жаңалығын қолданысқа енгізіп, үйрену радиотілшінің басты ұстанымы болуға тиіс. Сондай-ақ радиода жұмыс істейтін тілшілер дыбысты өңдеуді, тазалауды, әрлеп, эфирге ұсынудың барлық процесін толық білсе, жұмысы жеңілдей түседі. Бұрын жазбаны өңдейтін адам бөлек болса, қазір журналист үйінде отырып-ақ ақпаратты әуе толқынына қоса алады және осы мүмкіндікті біздің тілшілер толықтай пайдаланып жүр.

– Радиодағы бірден-бір тенденция – жүргізушілердің эфирдегі көңіл-күйді жеткізудегі эмоциясы. Бірақ бұл кейде орыс радиоларының көшірмесі тәрізді көрінеді. Қазақтілді журналистердің көңілді атмосфераны беруге тырысуы кейде үлкендерге ұнамайды (мәселен, жүргізушілердің тым көп күлуі, жиі әзілдесуі, т.б.). Жалпы радио басшысы ретінде аудиторияның талап-тілегіне қаншалықты көңіл бөлесіз? Тікелей эфирдегі жүргізуші мәдениетін сақтай отырып, шынайы эмоцияны басқаша қалай жеткізуге болады?

– Эфирдегі хабардың сәтті шығуы жүргізушілердің көңіл-күйі мен тыңдаушының кері байланысына тікелей қатысты. Қазақ радиосының аудиториясы өте ауқымды. Ел аумағының тоқсан пайызын

қамтыған радио Қазақстанмен іргелес жатқан Өзбекстан, Моңғолия, Түрікменстан, Ресеймен шекаралас тұстағы қазақ ауылдарына да ақпарат таратады. Одан бөлек, интернет арқылы ақпарат алатын тыңдаушыларымыз бар. Бізде тыңдаушымен кері байланыс өте жоғары деңгейде және жүйелі жолға қойылған. Қазақ радиосын саналы ғұмырында, жетпіс жыл, жарты ғасыр, қырық жыл бойы тыңдап келе жатқан радиосүйер жанашыр жандарымыз бар. Радио хабарларын балабақшадағы баладан үлкендерге дейін тыңдайтын болған соң кей кезде, өзіңіз айтқандай, үлкен кісілер жастар сағатына түсіп қалып, болмаса жастар үлкен кісілерге арналған хабарларды тыңдап, талғамнан шықпай қалып жататын кездер де жоқ емес. Бірақ көп жағдайда біз барлық тыңдаушыға сәйкес келетін ортаны ұстануға тырысамыз. Ол – хабарды байыппен жүргізу ұстанымы. Қазақ радиосының жылдар бойы қалыптасқан қағидасы, сәлемдесу салты, эфирдегі айнымас дәстүрі бар. Сондықтан біздің бағдарламаларда жасандылық жоқ деп айта аламын.

– Қай кезде болсын Қазақ радиосына қабылданатын музыкалық шығармалар Көркемдік кеңестің қарауынан өтетін болған. Музыкалық туындылардың мазмұнына жауапты көркемдік кеңестің қазіргі құрамы қандай?

– Қазақ радиосының музыкалық мазмұны да түрлі тақырыпты қамтиды. Туған жер, патриоттық әндер, халық музыкасы, күй, заманауи эстрада, ретро әндер, жыр-термелер, балалар әндері тұрақты түрде беріліп тұрады. Жалпы бізде музыкалық шығармаларды алдын-ала таңдап алудың тәртібі мен тұжырымдамасы бекітілген. Ол үшін арнайы көркемдік кеңес жұмыс істейді. Шалқар радиосы халық музыкасы мен ретро әндерге басымдық берсе, Қазақ радиосы эстрада, қазіргі заманға сай өңделген ретро әндерді береді. Осы басымдықтарға сай екі радиоарнада екі бөлек шығармашылық кеңес жұмыс істейді. Радио қоржынына түскен әндер шығармашылық кеңестің талқылауына шығарылып, мақұлданған жағдайда ғана қорға енгізіліп, эфирге жіберіледі. Музыкалық кеңестің құрамында белгілі композитор Марат Ілиясов бастаған Светлана Айтбаева, әндердің мәтінін саралайтын ақын Серікзат Дүйсенғазы, Талант Арынғали секілді ағаларымыз бар. Радио басшысы ретінде өзім де әннің сөзін, әуенін жіті қарап отырамын. Соңғы бір жылда «Шалқар» радиосы мен Қазақ радиосының музыкалық мазмұнының аражігін ажыратып, жаңа жолға түстік деп нық сеніммен айта аламын. Шығармашылық кеңес жұмысы қазір онлайн форматта өтіп жүр, Telegram немесе WhatsApp желісі арқылы қорға түскен әндерді талқылап, басым дауысқа ие болған жағдайда ғана әндер эфирге жол тартады.

– Жуырда Нью-Йоркте «Freedom FM» атты қазақ радиосы іске қосылғанынан хабардармыз. Жалпы Қазақ радиосының әлемдік радиомен халықаралық байланысы қандай?

– Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен Наурыз мерекесінің мазмұнын арттыру мақсатында бірқатар шара қолға алынды. Осыған орай біз «Наурыз-2021» халықаралық радиокөпірін ұйымдастырдық. Әрине осыған дейін де мұндай радиокөпірлер өткен. Бұл жолы ауқымды шараға жеті мемлекет қатысты. Халықаралық радиокөпір барысында біз тікелей толқында Наурызды атап өтетін көршілес елдермен тілдесіп, оның бейнеңұсқасын әлеуметтік желіде тараттық. Бұл Қазақ радиосының 100 жылдығы мен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған үлкен форматтағы халықаралық жобамыз болды. Бұл бір ғана мысал. Одан бөлек, біз алыс-жақын шет мемлекеттермен шығармашылық байланыс орнатқанбыз. Олармен жиі тәжірибе алмасып тұрамыз. Айталық, өткен жылдары біздің шығармашылық топ Түркия елінде болып, сол елдің бас радиосында тағылымдамадан өтті. Қазір цифрлы дәуір болған соң, шекара жабылса да, радио жұмысына еш шектеу жоқ. Сондықтан алдағы уақытта да халықаралық байланыс нығая түседі. Қазақстанның Өзбекстандағы, Өзбекстанның Қазақстандағы жылы аясында да іргелес елдің мемлекеттік радиоарнасымен тығыз шығармашылық қарым-қатынастамыз. Сол сияқты Қырғызстан радиосы мен Моңғолиядағы радионың қазақ редакциясындағы әріптестермен шығармашылық байланыс жолға қойылған.

– Қазір журналистерден әлеуметтік желіде белсенділік талап етіледі. Мұндай талап радиожурналистерге де қойыла ма? Соңғы уақытта радиодағы тікелей эфирді әлеуметтік желіден де көріп жүрміз. Жүргізушілердің дауысын тыңдай отырып, бет-бейнесін әлеуметтік желіде берудің мақсаты қандай? Бұл адамдарға радионы тыңдату жолы ма әлде дикторларды халыққа таныстыру ма?

– Радиодағы тікелей эфир студиялары бейнекамералармен жабдықталған, сол арқылы біз сұхбаттарды әлеуметтік желідегі өзіміздің ресми парақшамызда бөлісеміз. Бұл – заман талабы. Жоғарыда айтып өткенімдей, қазір технология даму үстінде. Көптеген тыңдарман әлеуметтік желіні пайдаланады. Біз аудиторияны толық қамту үшін осындай тың әдіс ұсындық. Оның үстіне бұл студияда айтылған мазмұнды дүниелер тек қана әуе толқынында қалып қоймай, әлеуметтік желіде сақталса, оны қайталап көруге, тыңдауға мүмкіндік болады деп жасалған дүние. Бір қуантарлығы, бұл жұмыс өз нәтижесін көрсетуде. Қазір біздің хабарлардың қаралым көрсеткіші, таралымы жоғары деңгейде.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Омашевтың еңбектерінде Қызылордадағы радио қызметі жайлы келесідей мәліметтер бар. Осыған дейін радионың сол кездегі ел астанасында құрылған мерзімі түрлі нұсқада айтылып келгенге ұқсайды. Оны төмендегі ақпараттардан біле аламыз.

«ҚЫЗЫЛОРДАДАН СӨЙЛЕП ТҰРМЫЗ!»

«Қызылорда облыстық радиохабарын таратудың ресми күні 1928 жылғы 14 қараша деп есептеліп жүр. Осы күні ВК (б) П Қызылорда округтік комитетінің коллегиясы өз мәжілісінде «Радиостанция туралы» шешім қабылдады. Онда былай делінген: «Округтік атқару комитеті қалалық советінің фракциясына, учаскенің кәсіпшілік одағына және кәсіподақтардың қазақ советіне радиостанцияның жұмысына көмек көрсету мақсатында қажетті қаржы бөлінсін. Қызылорда радиогазетін құруға рұқсат берілсін. Клубтар мен қызыл бұрыштардағы радиоаппаратура келген кезде, 1926 жылы мен Ленин атындағы теміржолшылар клубында меңгеруші болып жұмыс істейтінмін. Әрине, сол кездегі қарапайым радиоқабылдағыш пен хабар тарататын қондырғыны бүгінгі аппаратуралармен салыстыруға мүлдем болмайды. Әйтсе де радиохабар таратуды қолға алып ұйымдастырдық, оны ең маңызды және жауапты іс деп оны білдім.

Клубтың киномеханигі Бағаевпен бірге 4 лампылы қабылдағыш және антенналы екі діңгек орнаттық. Клубтағы алғашқы хабарға 500-

үйірмелерді радиостанцияның көркемдік жұмысын жақсартуға тарту кәсіподақтардың Қазақ советінің фракциясына жүктелсін. Радио Достары Қоғамын ұйымдастыру бюросын құру туралы мәселе жан-жақты қаралсын».

Қазақстанның астанасы болған Қызылорда қаласында радионың қай кезден бастап жұмыс істегені туралы әркім әртүрлі пікір айтады. Мысалы, Р.Сағымбеков 1928 жылдың қыркүйегінде іске қосылды десе, М.Барманқұлов: «Радиослушатель» журналының 1929 жылғы санында «Қызылордадағы қалалық хабар беру станциясы «Советская степь» радиогазетін бере бастады» деп жазды. (№12,2-бет) деген пікір айтады. Біздіңше, бірінші зерттеуші үстірт пікір білдірсе, екіншісі де сенімсіздеу айтып отырған секілді. Оған дәлел ретінде бірнеше мысал келтірейік.

«Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің 1926 жылғы 10 наурыздағы қаулысына сәйкес өлкелік қордан Қызылорда қаласында 4 киловаттық лампылы хабар беруші тұрғызуға 88.000 сом Қызылордадан Төрткөл қаласына (Қарақалпақ Авто және хабар берушіні номиялы облысы) жеткізуге 12.000 сом бөлінді. Сөйтіп, 1926 жылғы 1 тамызға қарай Қазақстан территориясында 6 қабылдап-таратушы және 14 қабылдайтын радиостанция болады».

Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советі төрағасының орынбасары Серғазиевтің 1926 жылғы 17 сәуірдегі радио арқылы берген хабары алдыңғы мысалды бекіте түседі: «Қазақ ССР -інің астанасы – Қызылорда қаласында Қазақ ССР-нің негізгі орталық елді мекендермен тікелей байланыс жасау үшін кең көлемді хабар беретін қабылдап-таратушы радиостанция орнатылады, ол үкіметтің циркуляр телеграммаларын, жаршылар мен биржа хабарламаларын беруге қызмет етеді, сондай-ақ Қазақ ССР-нің астанасында ғана емес, КСРО-ның орталығы – Москвада да ұйымдастырылған лекция-концерттер циклын қабылдау үшін басқа да мәдени-ағарту мақсаттарына пайдаланылады».

Қызылорданы радиоландырудың сол күндерінде өз тағдырын сонымен сабақтастырған қарт алғашқы большевик А. С. Марков былай деп еске алады: «Қалаға бірінші ден астам адам жиналды. Қабылдағыш пен қондырғы сахнаға қойылды Залда толық тыныштық орнады. Сонымен күшейткіштен «Москвадан сөйлеп тұрмыз!» деген дауыс естілгенде, залда отырғандар мүлгіген тыныштықты бұза ду қол шапалақтады. Бұдан әрі біз жергілікті радиотарап көмегімен үгіт плакатының жанрын сәтті игеріп алған клуб жанындағы «Синяя блузка» көркемөнерпаздарының күшімен «жанды» радиогазеттің хабарларын ұйымдастыра бастадық. Мұның насихаттық мәні зор болды». Қарт большевик айтқан естелік жоғарыда келтірілген архивтік деректерге сәйкес келеді.

Ендеше, бұл радиостанция 1928 жылы да, 1929 жылы да емес, 1926 жылғы 1 қазанда қабылданып, 3-і күні тұрақты түрде іске қосылған. Онда жұмыс істейтін кәсіби мамандығы жетік жергілікті ұлт кадрларын даярлау үшін Алматыда 60 адамнан жасақталған 3 жылдық курс ашылды.

Радиостанция 1927 жылғы қыркүйектен бастап, жергілікті радиогазет: 18 баяндама мен концерттер бере бастады, сондай-ақ Москваның хабарларын таратты.

Бұл станция қала мен ауыл азаматтары тарапынан үлкен ықыласқа бөленді. Соның нәтижесінде ауылдан өз қабылдағышын тіркеуге келіп жүрген адамдар көбейді. Радиогазеттер Қызылорда да пайда болды. Бұл кезде ол республика астанасы еді. Радиогазеттердің пайда болуын бүкілодақтық «Радиослушатель» журналы да растайды. Журнал 1929 жылғы 12-санында Қызылордадағы қалалық станция «Советская степь» радиогазеті бойынша хабар беруге кірісті» деп хабарлады. Станция одан әрі радиогазет шығаруын жалғастыра берді және жеткілікті тәжірибе жинақтады. Текстер музыка фонында оқылды, оған дайындығы бар авторлар тартылды. Негізгі тексті дикторлардың оқуымен бірге микрофон алдына партия, шаруашылық, кәсіподақ және қоғамдық ұйымдардың өкілдері белгілі бір актуальді мәселе бойынша сөйлету кеңінен қолданылды. Үш айдың ішінде эфирден осындай 25 сөз сөйленді.

Кейіннен қызылордалық тілші музыкамен көркемделген радиогазеттің 20 нөмірін әр жұма сайын жүйелі түрде беріп тұрды. Оның шықпай қалған кезі болған емес деп хабарлады».

23 SÁÝIR – HALYQARALYQ KITAP JÁNE AVTORLYQ QUQYQTY QORǴAÝ KÚNI

Туған күн кештерінде жиі айтылатын Happy Birthday to you әнін сіз де білесіз ғой, иә?! Әлем бойынша көп тыңдалып, жоғары көрсеткішпен танылған осы әннің Гиннестің рекордтар кітабына да енгенінен хабардар боларсыз. Тілге жеңіл, өзі көңілді әнді 1893 жылы апалы-сіңлілі Пэтти мен Милдред Хиллдер жазған. Бір қызығы, арада 42 жыл өткен соң ғана әннің авторлық құқығы бекітілген. Америка заңына сәйкес ол құқықтың қызмет ету мерзімі 2030 жылға дейін жалғасады. АҚШ-тың құқық қорғау органдары тек осы әннен жылына 2 миллион доллар табыс табады екен. Бұл авторлық құқық тақырыбындағы бір ғана мысал. Осы жерде АҚШ-тағы құқықты қоя тұрып, елдегі шығармашылық туындылардың қалай қорғалатынын жазуды жөн көрдік.

Билік жүрмейтін жеке меншік

Заң тілімен сөйлесек...

Қазір ғылым, ақпараттық технология, сонымен қатар зияткерлік және шығармашылық жұмыстардың жыл сайын жаңарып, көбейе түскенін ескерсек, оларды қорғаудың да маңызы арта түседі. Осы мақсатта 1996 жылдың 10 маусымында ҚР-ның «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар» туралы заңы қабылданған. Аталған құжатқа сүйенсек, авторлық құқық объектілері болып әдебиет, драма, сценарийлік немесе аудио-визуалды туындылар, декоративтік және қолданбалы өнер туындылары, жинақтар және басқа да декоративтік туындылар есептеледі. Ал авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып саналатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады.

Зәуреш Қанапина, Қызылорда облысының Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтар бөлімінің бас маманы:

– Құқықтық қатынастардың объектілері бар, ендеше осы құқықтық қатынастарға ие субъектілер де болуы керек. Осыған сәйкес авторлық құқық субъектілері туындының авторлары, ұжымдық негізде мүліктік құқықтарды басқарушы мұрагерлер және құқықтық мұрагерлер немесе ұйымдар бола алады. Авторлық құқық идеяның, тұжырымдаманың, әдістердің, жүйелердің, процестердің, жаңалықтардың, фактілердің өзіне қолданылмайды. Ғылым, әдебиет және өнер туындысына авторлық құқық оның жасалу фактісіне қарай туындайды. Авторлық құқықтың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу, туындыны өзге де арнайы рәсімдеу немесе қандай да болсын шарттылықты сақтау талап етілмейді.

Маманның сөзіне сүйенсек, автордың өз туындысына қатысты мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтары болады. Олар авторлық құқық, есімі аталу құқығы, автордың беделін қорғау құқығы, халыққа жария ету құқығы болып бөлінеді:

> Авторлық құқық идеяның, тұжырымдаманың, әдістердің, жүйелердің, процестердің, жаңалықтардың, фактілердің өзіне қолданылмайды.

1) туындының авторы деп танылу құқығы және оны тануды, соның ішінде, егер іс жүзінде мүмкін болса, туынды кез келген жария пайдаланылған жағдайда оған автордың есімін тиісті түрде көрсету арқылы тануды талап ету құқығы (авторлық құқық);

2) туынды пайдаланылған кез келген жағдайда оған автордың шын есімінің орнына лақап есімін (бүркеншік есімін) көрсету және соны талап ету немесе есімін көрсетуден бас тарту құқығы, яғни жасырындық (есімі аталу құқығы);

3) туындының атауымен қоса, оған қол сұғылмаушылық құқығы, туындыны кез-келген жолмен бүлдіруге, бұрмалауға немесе өзге жолмен өзгертуге, сондай-ақ автордың абыройына немесе беделіне нұқсан келтіре алатын басқа кез-келген қол сұғушылыққа қарсы әрекет ету құқығы (автордың беделін қорғау құқығы).

4) қызметтік міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған туындыларды қоспағанда, туындыға белгісіз адамдар тобының қол жеткізуіне жол ашу құқығы (халыққа жария ету құқығы).

Сондай-ақ автордың немесе өзге құқық иеленушінің сол туындыны кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік (айрықша) құқығы бар. Айталық, автордың туындысын қайта шығару, тарату, жария көрсету, эфирде жариялау, кабель арқылы хабарлау, аудару, жалпы жұрттың назарына жеткізуге құқығы бар.

Автордың туындыны пайдалануға айрықша құқықтары төмендегі әрекеттерді жүзеге асыру, рұқсат ету немесе жүзеге асыруға тыйым салу құқығын білдіреді:

- туындыны қайта шығару (қайта шығару құқығы);
- туындының түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен таратуына: сатуына, айырбастауына, прокатқа (жалға) беруіне, өзге де операциялар, оның ішінде ашық телекоммуникациялар желісінде операциялар жасауына (тарату құқығы);
- тарату мақсатында туынды даналары, соның ішінде автордың немесе авторлық құқықтардың өзге иесінің рұқсатымен дайындалған даналарын импорттау (импортқа әкелу құқығы);
- туындыны жария көрсету (жария көрсету құқығы);
- туындыны жария орындау (жария орындау құқығы);
- туындыны жария хабарлау (туындыны жалпы жұрттың назарына арнап хабарлау), соның ішінде эфирде немесе кабель арқылы хабарлау (жария хабарлау құқығы);
- жалпы жұрттың назарына арнап эфирде алғашқы және (немесе) кейінгі хабарлауды қоса алғанда туындыны эфирде хабарлау (эфирде жариялау құқығы);
- жалпы жұрттың назарына арнап кабель арқылы алғашқы және (немесе) кейінгі хабарлауды қоса алғанда туындыны кабель арқылы хабарлау (кабель арқылы хабарлау құқығы);
- туындыны аудару (аудару құқығы);
- туындыны қайта жасау, музыкалық әуендеу немесе басқаша түрде қайта өңдеу (өңдеу құқығы); 10-1) туындыны жалпы жұрттың назарына жеткізу (жалпы жұрттың назарына жеткізу құқығы)
- ҚР заң актілеріне қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру құқықтарын білдіреді.

Авторлық құқық ғұмыр бойы сақталады

Автордың немесе өзге құқық иеленушінің туындыны пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алуға құқығы бар. Сыйақы мөлшері мен есептелу тәртібі авторлық шартпен, сондай-ақ авторлардың мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйымдармен жасасатын шарттармен белгіленеді. Тағы бір маңызды жайт, авторлық құқық ғұмыр бойы сақталады. Ал автор қайтыс болған жағдайда жетпіс жыл бойы күшін жоймайды.

Осы орайда білікті маманнан облыс көлемінде авторлық құқық алған шығармашылық иелерінің құқығын қорғауда қандай жұмыстар жүргізілетінін сұрадық.

– 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық және Әкімшілік кодекстердің қабылдануына орай қазіргі таңда Әділет органдарының құзіретінде тауар таңбаларын заңсыз пайдалану фактілері бойынша (ҚР ӘҚБтК-тің 158 бабы) әкімшілік іс жүргізулерді қозғау бойынша өкілеттіктер қалды. Облыстық Әділет департаментінің қызметінде зияткерлік меншік құқықтары бөліміне зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудағы мемлекеттік саясатты жүргізіп, жүзеге асыру міндеттері жүктелген. Ол үшін құқықтарды түсіндіру және құқықтық насихат шараларын атқарып, заңды және жеке тұлғалардың зияткерлік меншік саласындағы қолданылып жүрген заңнамаларды бұлжытпауын қадағалаймыз, – дейді З.Абдуллақызы.

Интернет: құқығыңызды қорғаудың екі жолы

Қазір интернетте немесе әлеуметтік желіде жарияланған ақпаратты, кез келген шығармашылық туындыны толықтай көшіріп алу әдетке айналып барады. Бұл жағдайда автор шығармашылық туындысын қалай қорғау қажет?

– Интернетте мазмұнды ұрлаудан толық қорғау мүмкін емес. Алайда тәуекелдерді азайту үшін алдын-алу шараларын қабылдауға болады:

Біріншіден, пайдаланушыларды ескертіңіз. Мазмұнды жариялау кезінде нақты атыңызды көрсеткен дұрыс. Сондықтан дау туындаған жағдайда авторлықты дәлелдеу оңайырақ болады. Авторлық құқықты қорғау белгісін қою пайдалы болады (копирайт деп аталады). Ол қосымша құқықтық қорғаныс бермейді, бірақ заң бұзушылар үшін ойлануға себеп болуы мүмкін. Егер сіздің жеке сайтыңыз болса, онда материалдарды қайта басып шығару ережелерін орналастырыңыз.

Екіншіден, егер сіз фотографиямен айналысатын болсаңыз, камераны метадеректерде сіз туралы ақпарат сақталатын етіп орнатыңыз және бастапқы файлдарды ешкімге бермеңіз. Бұл кеңес электронды түрде жасалған және сақталатын барлық материалдарға қолданылады. Фотосуреттер мен бейнелерде су белгілерін қолданыңыз. Бейненің басында немесе соңында, егер бірнеше автор болса, барлық авторды және егер ол авторлардың бірі болмаса, құқық иеленушіні көрсеткен дұрыс. Кейінгі құқықтарды қорғау үшін туындының жасалған күнін белгілеу өте маңызды. Бұл үшін бірнеше жол бар: нотариуста авторлық мәтіні бар құжатты куәландырыңыз немесе оны USB флэш-дискісіне сақтаңыз.

Құқық иеленушіде қорғанудың қандай тәсілдері бар? Құқық иеленушінің құқық бұзушыға авторлықты тану немесе автордың атын көрсету; мазмұнды жою; авторлық құқықты бұзу фактісі анықталған сот шешімін жариялау; бұзушыдан ерекше құқықтарды бұзғаны үшін залалдарды немесе өтемақыны өндіріп алу сынды талаптарды қоя алады, – дейді З.Қанапина.

Алдымен ескертпе, содан кейін...

Әдетте ақын-жазушы немесе басқа да шығармашылық иесі әрбір туындының құқығын өздігінше қорғай алмайды. Сол үшін авторлық құқықты қорғайтын арнайы мекеменің көмегіне жүгінеді. Осылайша туындыны алдын-ала қорғаудың пайдасы көп. Бұл жөнінде бізге заңгер Айгүл Жетпісбайқызы келесідей оқиғаны баяндап берді.

Айгүл ШЕГЕРОВА, заңгер:

– Егер авторлық құқықбұзушылық орын алса, ең алдымен заң бойынша ескертпе беріледі. Содан кейін барып қана автордың құқығын қорғайтын қоғамдық бірлестік сотқа жүгіне алады.

Бірде мен авторлық құқықты қорғайтын қоғамдық бірлестікпен дауластым. Анығын айтқанда, менің адамым жауапкер болды. Оқиға келесідей басталды, «Гәкку» және «Той думан» телеарнасынан көрсетіліп жүрген Бейбіт Қошқалиевтың «Аяқты қимылдат» әні бір кафеде автордың рұқсатынсыз орындалған. Істің мән-жайын білген қоғамдық бірлестік әншінің құқығын қорғау мақсатында кафе иесіне ескертпе берген. Бірақ істің соңы ушыққан жоқ. Біз медиация тәртібімен екі жақты келісімге келдік. Сол жерде әнді заңсыз пайдаланғаны үшін кафе иесі қоғамдық бірлестікке 200 мың теңге көлемінде өтемақы төлеп берді, – дейді заңгер.

> Құқық иеленушінің құқық бұзушыға авторлықты тану немесе автордың атын көрсету; мазмұнды жою; авторлық құқықты бұзу фактісі анықталған сот шешімін жариялау; бұзушыдан ерекше құқықтарды бұзғаны үшін залалдарды немесе өтемақыны өндіріп алу сынды талаптарды қоя алады.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

ТАЗАЛЫҚ – ОРТАҚ ТАЛАП

Қазақта мәдениет деген сөз бар. Оны адамның сөйлеген сөзіне, істеген ісіне, киген киіміне байланысты ажыратады. Сондай-ақ үйдің ішінің де, сыртының да тазалығында үлкен мәдениеттілік жатыр. Ал шаһар тазалығы – қала мәдениетінің бір бөлігі, біздің ортақ міндетіміз. Бүгінде көліктің ішінде келе жатып терезеден қоқыс лақтыру, бос бөтелкенің шынысын әр жерге тастау жиілеп кетті. Есесіне қоқыстан көз ашпай келеміз. Сонда өзін мәдениетті санайтын адамдар қайда қалды?

Бірде қоғамдық көлікте келемін. Іші толған жастар. Қолдарында бір-бір сусын құтысы. Оны көліктен түскен бойда далаға лақтырып кетті. Ешқандай қоқыс жәшігі жоқ. Айнала тап-таза. Бірақ оған қарап жатқан ешкім жоқ. Бес адамның бірі "мұнымыз ұят" демеді. Артынша егде тартқан кісі ыдыстарды қаптың ішіне салып жатты. Тазалықшылар амалдың жоқтығынан осылай ете ме? Қазірдің өзінде қоқыстан көз ашпаймыз, күн болса жылынды. Сонда жазда қалай болады? "Қызылорда көркейді" деп жатады. Оған айтар дауымыз жоқ, дегенмен тазалықшылардың еңбегін бағалау артық етпес. Мәселен, "Қызылорда тазалығы" қанша жұмыс істесе де, олардың еңбегі көзге көрінбейді. Тұрғындар таң ата шығарылуы керек қоқысты түс ауа шығарады. Өйткені оны көшеде кезіп жүрген ит пен мысық шашып кетуі әбден мүмкін. Сөйтіп келіп таяқтың бір ұшы "Қызылорда тазалығына" келіп тіреледі.
Күні кеше әріптесім Нұрболат Нұржаубаймен бірге көше аралауға шықтық. Мұндағы мақсат – қала тазалығының жұмысымен танысу. Біз "Қызылорда тазалығымен" бірге тұрғындардың пікіріне құлақ астық.

Қаланың келбеті сәнді де сәулетті ғимараттармен, жасыл желекті саябақпен өлшенбейтіні сізге де, бізге де белгілі. Оның үстіне қалада қаншама өзгерістер орын алды, әдемі үйлер салынып, қаланы көркейтіп, безендірді. Шынында, "Қызылорда" қазір адам танымастай. Бірақ қаланың шет аймақтарын көрсеңіз, бұл ойыңыздан қапелімде айнып қаласыз. Себебі қоқыстан көз ашпайтын аймақтар әлі де бар. Қаланың ажары тазалығына байланысты. Осыны ескерсек, қаланың таза, әдемі, әрі жасыл желекке оранып тұруы әрбір адамның сүйіспеншілігі мен жанашырлығын қажет етеді. Шаһар тазалығын қай кезде де басты орынға қойған абзал. Бұл арқылы перзентіміздің таза ауада тыныстауына ықпал жасаймыз. Әйтпесе қоқыстың иісінен терезе ашпай, таза ауаға серуендей алмай төрт қабырғадан шыға алмай отырғандар қаншама?

Біржан ДАЛАБАЕВ,
қалалық ТКЖ, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы:

– «Қызылорда тазалығы» серіктестігі заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетеді. Қазір көшелердің санитарлық тазалық жұмыстарына 42 арнайы қоқыс жинақтаушы көлік, 6 КамАЗ, 6 арнайы тіркемесі бар трактор, 3 жүк көлігі жұмылдырылған. Қаланың 813-тен астам көшесінің тазалығын қамтамасыз етуге 140 жұмысшы күші, 58 жүк тиеуші, 60 жүргізуші біріктірілді. Қоқыс шығару жұмыстары екі ауысымда жүргізілуде. Түнгі ауысымдық жұмыстарға 7 техника қарастырылған. Алайда, тұрғындардың тазалық мәселесіне бейжай қарауы, тұрмыстық қалдықтарды көрінген жерге тастауының салдарынан еткен еңбектің зая кететіні бар. Тиісті мекемелер тарапынан тұрақты түрде тазалық рейдтері жүргізіліп отыр. Қоқысты белгіленбеген орынға тастау фактісі тіркелген жағдайда ескерту, нәтиже шықпаса, айыппұл төлеу қарастырылған. Дегенмен, бұл жерде тұрғындарда қоқыс тастау мәдениетінің қалыптасуы маңыздырақ. Қысы-жазы тыным таппай, қолына сыпырғы, күрек ұстайтын тазалық жанашырларының еңбегін естен шығармауымыз керек.

Біздің бағытымыздың бірі – Бауыржан Момышұлы көшесі. Ол жер шыны керек, қоқыс алаңына айналған. Тұрғындар да, көлікпен өтіп бара жатқан халық та қоқысты лақтырып кетеді. Ит пен мысықтан қалғаны желмен ұшып, көшенің шырқын бұзған. "Қызылорда тазалығы" сол маңайды таңғы сағат 8-де тазалаған. Қайтара түскі сағат 3-те барғанында тағы да үйіліп тұрған қоқысты кезіктірдік. Ішінде қолданыстағы қалдықтардан бөлек, өлексе де, өртенген заттарды да кездестіруге болады. Сөйтіп жауапсыздықты өз көзімізбен көрдік. "Қызылорда тазалығымен" бірге жүрген сәтімізде ашынған көше тұрғындары реніш білдірді.

Гүлзинат ЖҰМАБЕКОВА,
"Қызылорда тазалығы" ЖШС сектор меңгерушісі:

– Бауыржан Момышұлы көшесін азанда ғана тазаладық. Өздеріңіз көріп тұрғандай, бұл жер қоқыстан көз ашпайды. Жеңіл көлікпен әкеліп тастайтындар көп. Пакет желмен ұшып жатыр, қағаздарды қосыңыз. Қорадан шыққан қи, өлексені де осында қалдырады. Қоқысты осы жерге өртеп кетеді, мына жерде жарықтың бағаны тұр. Оған да назар аударып жатқан адам жоқ. Осы жерді, қоршаудың ішісыртын бәрін айнадай қылып тазалағанымызға 4 күн уақыт өтті. Міне, қазір қараңыз, қайтара қоқыс. Тұрғындар кеше техника сұрады. "Жақында ғана тазаладық қой" дедім, айтатындайы бар екен. Қоқысты өртеген кезде халықтың қалай қорықпайтынына таңым бар. Анау бөрене жанса, ешкім де тоқтата алмайды. Тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеміз. Бірақ нәтиже жоқ. Теріп жинауға таңғы 8-де шығады, ал техникамен жинайтындар 7-ден бастап жұмысына кіріседі. Жұрттар 9-10-да тұрып, қоқыс тастаймын дегенше, ол жерді

тазалап кетеді. Әл-фарабидің айналасына тәуекел дейік. Ал мына көше орталық қой. Айналасында көше, үйлер бар. Бұл үйлердің біреуінде де қоқыс жәшігі жоқ. Заңдылығында өздері контейнер қойып, оған тек қана тұрмыстық қалдықтарды тастау керек. Үйден шыққан қосымша қоқыстарды арнайы тапсырыс арқылы шығару керек. Оған қалтасынан ақша шығарғысы келмейді. Бүгінгі таңда шағым түспейтін жер жоқ. Фейсбук дерсіз, инстаграм дерсіз, бәрі де арызқой болып кеткен. Бәрі де шағым айтқыш. Таң атқаннан бері жұмыс істеп жатқан тазалықшылардың еңбегін бағалап жатқандар аз. Біреу осы қазір қоқыс тастады ма, оны сол сәтте екіншісі шығып әлеуметтік желіге жүктей салады. "Әкімшілік қайда қарап отыр?" деп әдетіне басады.

Сәні кеткен бұл көшенің тұрғындарына тиісті мекеме тарапынан бірнеше ескерту жасалып, қоқыс орны қайта-қайта тазартылған. Бірақ құлақ асатын адам табылмай тұр.

Бисен ӘУБАКИРОВА,
Бауыржан Момышұлы көшесінің тұрғыны:

– Қоқыс тастамау жөнінде афишаны өзіміз-ақ ілейік дедік. Бұл жерге қоқыс тастамайтын адам жоқ. Көлікпен қанша мәрте келіп қалдырып жатыр. Қайсыбіріне айтып, қайсыбірімен жағаласып жүретініміздің білмеймін. Осы жерді қоқыс алаңына айналдырып алды. Тазалаудың кемі жоқ, бірақ оған қарап жатқан адам жоқ. Қоқысты тастаған үстіне тастай береді. Біз – осы көшенің тұрғынымыз. Бұрын бұл жерге дым қоқыс тасталмайтын. "Қоқыс тастамаңыз, айыппұл салынады. Жасырын камера орнатылған" деп жаздырып қояйық. Жаздай терезе аша алмаймыз, балалар бір күні қоқыстың ортасында ойнайтын шығар. Біз жинап-жинап шаршадық, нәтиже керек. "Қызылорда тазалығы" тарапынан техника жұмылдырылса, біз көше тұрғындары жиналып, осы жерді мұнтаздай етіп тазаласақ. Тұрғындарды жинау қиын емес, бізге тек техника берсін. "Қазақ" десе өзімізге тиеді. Осы қоқысты әр үй өздері жинаса, бұлай шашылмас еді. Қоқыс жәшігіміз бар. Оны көшеге шығарсақ, барлығы соған тастап кетеді. Бұрын бұл жер тап-таза еді. "Ыбырайхан" ЛТД екі-үш қоқыс жәшігін әкеп қойды. Содан бастап қоқыс алаңына айналды. Бірақ шамалы күннен соң ол қоқыс жәшігін қайта алып кетті. Менен "қоқыста тұрасың ба?" деп сұрайтындар бар. Жауап беруге ұяламын. Қоқыс жәшігі болған, ақшасын біз төлейміз. Өзгелер қоқысын соған салып кетеді. Сосын өткізіп тастадық. Көше тұрғындарына айтып, бұл жерді көгалдандырып, тал егеміз. Барлық тұрғынды осы апта сенбілікке шақырамыз. Тазаланған соң өзіміз күзетіп, кім қандай қоқыс тастады, соны суретке, видеоға түсіріп, есеп беріп отырамыз. Кім қоқыс қалдырады, сол тиісті мамандардың қадағалауымен айыппұл арқалайды.

Тазалық мәдениеті – қала тұрғындарының кемшін түсіп жатқан тұсы. Таң сәріден көше сыпырып, қоқыс терген жұмысшылар тұрғындар жауапкершілігінен үмітті.

Алмас НҰРҒАЛИЕВ,
қала тұрғыны:

– Қаламыздағы С.Асфендияров көшесі "светлый" канал, қоршаған ортаға, табиғатқа жанашырлықтың жоқтығы, қазағымның санасының төмендігі ме? Құрметті қала тұрғындары, елге жандарыңыз ашымаса да, ең болмаса табиғатқа жандарыңыз ашысын. Тұрғындардың жауапсыздығы, әйтпесе апта сайын қоқысты трактормен жинап жатады. Жауапты мекеме, қоқыс тастағандарға қатаң айыппұл салу керек.

Тұрғын үйлердің маңында бей-берекет шашылған күл-қоқыс үйінділері көше сәнін бұзып тұр. Бұндай көрініс қала аумағынан жиі кездестіруге болады. Жауапты мамандардың кемшілігі бар екенін жоққа шығармаймыз. Дегенмен, шаһар тазалығына бей-жай қарап, кез-келген жерге қоқыс төгетін тұрғындардың да кінәсі бар.

Нұржан БАЙЖІГІТОВ,
қала тұрғыны:

– Күні бойы шаң көтерілді ме деп жүрсем көк түтін екен. Жүрген жерімде қоқыс контейнерлерінің 70-80% өртеп жатады. Мысалы, Сұлтан Бейбарыс көшесінің бойындағы Желтоқсан мен Бектұрғанов көшелерінің қиылысындағы, шанхай бетте бірнеше контейнерлерден будақтаған түтін қолқаны алып, халыққа зиянын тигізіп жатыр. Қазіргі айтып жатқаным, жер үйлердің, жеке сектордағы дүкендердің қоқыс контейнерлері туралы әңгіме. "Қызылорда тазалығының" тарифін қымбаттатуы да осындай жағдайға әкеліп соқтыруы мүмкін. 8-9 ай ішінде төрт жүз теңгеден 942 теңгеге өсіру арқылы (дүкендердікі одан да қымбат) абоненттің қалтасына ауыр тиіп, осындай жағдай болып жатыр ма деп ойлаймын.

Қала тұрғыны айтқандай, "Қызылорда тазалығы" айыппұл сала алмайды. Тек ескертуге, тазалықты сақтауға шақырады. Сосын әдеттегідей түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Ал өзгесі әкімшілік құзырында. Мәселен, коммуналдық қалдықтар Қазақстан әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 434 бабына жатады. Мұнда айыппұл салынады. Қоқыс тастау – құқықбұзушылық. Айыппұл көлемі 5 айлық есептік көрсеткіш. Егер бір апта ішінде төлейтін болса, жарты ақшасы шегеріледі. Мәслихаттың бекіткен шешімі бойынша әр тұрғын өз үйінің көше бетіне 5 метр жерге дейін жауапты. Асфалтқа дейін 5 метр жерді абаттандыру, көркейту жауапкершілігінде.

Дәл терезесінің алдында арамшөп өсіп тұрса да "Қызылорда тазалығына" хабарласатындар бар екен. Бұл, біріншіден, жалқаулық, екіншіден, жауапсыздық. Басқа қалай айтуға болады. Әр тұрғын өз ауласын таза ұстап, контейнер орнатса ғана қала тазалығына атсалыса аламыз. Әйтпесе баяғы жартас, сол жартастың күнін кешетін түріміз бар...

Мөлдір САБЫРЖАН,
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Мейірбек ДАУБАЛАЕВ, адвокат:

Несие жек қарыз екіге бөліседі

Ажырасу мәселесі қашанда өзекті. Себебі бүгінде "үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды" деген түсінік қабылданбайды. Қазіргі таңда бала-шағасының тағдырына, болашағына немқұрайлы қарап, өз қара басының қамын ойлайтындар жетерлік. Бізді "әке орнына әке, ана орнына ана боламын" деген түсінік құртады. Жалпы ажырасу процесі қалай өтеді? Ажырасу тәртібі қандай? Осы және өзге де сұрақтар төңірегінде адвокат Мейірбек Ділдәбекұлынан сұрап көрдік.

– Ерлі-зайыптылардың ажырасуына кедергі болатын нәрселер бар ма?

– Заң бойынша негізі ешқандай кедергі жоқ, тек тиісті көзделген тәртібі бар. Мәселен, егер ерлі-зайыптылар арасында кәмелет жасына толмаған балалары жоқ жағдайда тікелей АХАТ органдарына тиісті үлгідегі өтініштерімен жүгініп, некені бұзуға болады. Ал кәмелет жасына толмаған балалары бар ерлі-зайыптының некесін бұзу мәселесі тек сотпен қаралады. Бұл жерде өздеріңіз байқап отырғаныңыздай, заңмен кәмелет жасқа толмаған балалары бар отбасыларын сақтап қалуға жағдай жасалған. Жалпы соттың басты міндеті – ол неке бұзу арызы бойынша ажырастыру емес, керісінше барынша отбасыны сақтап калу, некені сақтауға шаралар жасау.

– Ажырасу процесі қанша уақытқа созылады?

– Негізі сот арқылы азаматтық істердің қаралу мерзімі – 2 ай. Алайда неке бұзу істерінің ерекшелігі бар, егер ерлі-зайыптының біреуі сотта некені бұзуға қарсылық білдіріп, некені сақтауға тырысса, сот татуласуға 6 айға дейін мерзім беруі мүмкін. Тәжірибеде сот 1 айдан 3 айға дейін беріп жатады, жалпы орта есеппен сот 2-3 айға созылады.

– Қандай мүлік бөліске түспейді?

– Ортақ материалдық құндылықтардан бөлек, жұбайлар өз алдына жеке мүлікке де иелік ете алады. Әр адамның жекеменшігіне – некеге тұрғанға дейін қол жеткізген заттары; – неке кезінде сыйға алынған мүлік, мұрагерлік жолмен өткен немесе басқа да өтеусіз келісім негізінде алынған; – жеке қолданыс заттары (киім, аяқ киім т.б.) қымбат бұйымдарды қоспағанда; – некенің іс жүзінде тоқтатылуына байланысты бөлек тұрған кезеңде жиналған дүниелер жатады.

– Келіншегінің немесе күйеуінің атынан несие алып, ол төленбей тұрып ажырасып кетсе қалай болады? Мәселен, күйеуіне көлік немесе басқа да жеке заттар алынса, келіншегі өзі төлеуге міндетті ме?

– Ерлі-зайыптылар арасында ортақ мүлікті бөлісу және тараптардың ондағы үлесін анықтау тек сот тәртібі негізінде жүзеге асырылады. Көбіне неке уақытында мүлікті бөлісу бөлек тұру кезінде немесе ерлі-зайыптылардың жеке қарыздары үшін мүліктің қалған бөлігін өндіріп алу мақсатында болады. Мүлікті бөлісу кезінде ортақ неке барысындағы ортақ қарыздары мен несиелері де бөлінеді, егер өзара келісе алмаған жағдайда сот арқылы реттеуге мүмкіншілік бар.

– Әңгімеңізге рақмет!

Мөлдір САБЫРЖАН

MAMAN MINBERI

Ел аумағында әкімшілік әділет институтын енгізу мәселесі бірнеше жылдан бері көтеріліп келеді. Осыған байланысты 2021 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі қолданысқа енгізіледі. Сонымен қатар мамандандырылған әкімшілік соттар құрылады.

Сот ісін жүргізудің жаңа тәртібі

Жаңа заңнама мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар – Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексімен реттелетін қатынастардың қатысушылары.

Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі қолданысқа енгізілгеннен кейін сот өндірісінің әкімшілік іс деп аталатын жаңа түрі пайда болады. Ол қазіргі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің өндірісінен мүлдем өзгеше. Яғни, сот ісін жүргізудің жаңа түрі жеке және заңды тұлғалар мен әкімшілік органдардың арасындағы жария-құқықтық даулар бойынша әкімшілік істерді қарайды.

Әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі әкімшілік іс талап қою негізінде қозғалады. Сотқа дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау, тану туралы талап қойып жүгінуге болады. Кодекс аясында судья құзыреттілігі кеңейтіледі. Судьялар заңнама аясында қажет еткен жағдайда істі нақтылауға көмектесетін дәлелдерді, құжаттарды қосымша сұратып, дәйектер толық емес деген жағдайда өз бастамасымен оларды жинатуға ықпал етеді. Сонымен қатар кодекс аясында сот тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдап, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдеседі. Бұл ретте жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі, сонымен бірге татуластыру рәсімдері нәтижесінде жасалған келісімнің шарттары заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, сот аталған келісімді бекітпейді.

Тараптар татуласу келісімін немесе дауды медиация тәртібінде реттеу туралы келісім немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасаған жағдайда, сот аталған келісімді бекітсе, талап қоюды қайтару жайлы ұйғарым шығарады. Атап өтетіні, дауларды қарау кезінде азаматтардың мүддесінің басым болуына мән беріледі. Бұл жөнінде Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Сондықтан осындай теңсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу керек» деп атап өткен болатын. Бұл дегеніміз – мамандандырылған әкімшілік соттар талап қоюшылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етіп, әкімшілік органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы теңсіздікті болдырмау бағытында жұмыс істейді деген сөз.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексін қолданысқа енгізіп, мамандандырылған әкімшілік соттарды құру жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ерекше тетігіне айналады деген сенімдеміз.

Нұрлан ЕЛАМАНОВ

Күзет қызметі

"Қаяқта анау, кім еді, ана есіктің алдындағы, охранаааа". Бұл бәрімізге таныс "Шаншар" театрының қойылымындағы «әкімнің» сөзі. Қазір күлкінің нысанасына айналған мамандықтың бірі осы күзетші болып тұр. Ел арасында ұйқы мен шай сораптауға ерінбесең, күзетші болуға дайынсың деген ой қалыптасқан. Бірақ ол да кәсіп, әрі еңбек нарығында сұранысқа ие.

Жұрт күлер, күлмес бірақ қазір қаны жерге тамбай тұрған мамандық иелерінің бірі осы күзетшілік. Күзетші болғанда да қалғып жүріп уақыт өткізетін емес, қоғам мүлкіне жаны ашитын, оны қорғай алатындардың еңбек нарығындағы орны ерекше болып тұр. Осыдан 2 жыл бұрын «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ жүргізген талдау нәтижесі еңбек биржасына келіп түскен резюмелер мен бос жұмыс орындарының арақатынасын салыстыра келе ең тапшы мамандықтардың тізімін күзетшілер бастап тұрғанын анықтаған. Сол кездегі деректер бойынша, еңбек нарығында күзетшілер үшін 4,4 мың жұмыс орны бос қалыпты. Соның ішінде тек Нұр-Сұлтан қаласында 1,1 мың күзетші жетіспейтіні белгілі болған. Әрине, қажетті мамандықтар тізімі тек күзетшілермен шектеліп қалмайды. Ел бойынша 2,6 мың санитар, 2,3 мың тазалаушы, 2,2 мың даяшы, 2,1 мың жүк тиеушіге арналған жұмыс орны бос тұр. Сұранысқа ие кәсіптердің алғашқы бестігінен бөлек, жұмыс берушілер жол салушыларды, балабақша тәрбиешілерін, мейіргерлер мен медбикелерді, такси жүргізушілері мен промоутерлерді жиі іздейтіні анықталған.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі биыл да қажет мамандықтар тізімін жария етті.

Екі жыл бұрынғы жағдайдан көп өзгеріс жоқ, ведомство ақпарынша, 2021 жылы күтілетін экономика мен бизнесті қалпына келтіру процесін ескере отырып жасалған талдауда бірінші орында шаштараздар тұр. Содан кейін күзетшілер жайғасқан. Тізім әрі қарай орта мектеп мұғалімдері, инкассаторлар, бухгалтерлер, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешілері, қоғамдық ғылымдар бойынша орта мектеп мұғалімдері, жаратылыстану ғылымдары бойынша орта мектеп мұғалімдері, науқастарды күту жөніндегі орта медициналық персонал, жылжымайтын мүлікпен және басқа меншікпен операциялар жөніндегі агенттер, дүкен сатушылары және олардың көмекшілері болып жалғаса береді.

Технология жаңарды, бақылау жүйесі оңтайландырылды дегенмен де қазір есіктің алдында қаздиып тұратын күзетшіге сұраныс көп болып тұр. Әсіресе өндіріс орындарының жұмысынан тұрысы көп қазіргі уақытта олардың орны байқалып-ақ қалады. «Ранкинг.кз» сайтының дерегінше электронды биржа арқылы былтыр күзде 176 мың адам күзетшілік жұмыс іздеп, түйіндеме тастаған. Ал қажеттісі одан 2 есе көп. Нұр-Сұлтан мен Алматы қаласында осы мамандық иелері аса қат болып тұр. Күзетші болам деген адамның сертификаты болса, тіпті алақай. Соған қарай жалақысы да жоғарылай береді.

Айлық демекші, қазір бұл саланың мамандары орта есеппен 45-70 мың теңге төңірегінде алады. Ірі қалалардағы қаруаылдар жалақысы басқа өңірдегі әріптестеріне қарағанда әлдеқайда көп.

Қазір жыл сайын қажет мамандықтарға болжам жасау сәнге айналып тұр. Зауыт, фабрикаларда қара күш жұмсайтын жұмысшыларды енді ойлау қабілеті инновациялық, тың идеяларға толы адамдар алмастырады. Роботтар мен автоматтандырылған жүйе ауыр әрі қиын жұмысты өз мойнына алады. Дегенмен де әлі 5-10 жылдай адам күшіне тәуелділігіміз азая қоймайтын сияқты.

Әрине, электронды еңбек биржасындағы ұсыныстар мен сұраныс көлемі еңбек нарығындағы нақты жағдайды толық көрсетеді деуге келмес. Бірақ қалай болғанда да бұл статистиканың өзіндік шындығы бар.

Күзетшінің керегін мынадан-ақ байқайсыз. Осыдан 2 жыл бұрынғы дерек бойынша елімізде 219,7 мың күзетші болған. Қазір одан артпаса кемімеген шығар. Бұл дегеніміз, Қазақстан Қарулы күштерінің жеке құрамынан екі, полиция қызметкерлерінің санынан үш есе көп. Біздің әрқайсымыздың осы саладан нанын тауып жеп жүрген екі-үш танысымыз бар.

Яғни, күзетшілік бүгінгі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік лифт қызметін атқарып тұрған сыңайлы. Алайда күзетші, даяшы, жүк тиеуші, такси жүргізуші тәрізді мамандарға мұқтаждық ел экономикасына инновацияның әлі күнге ене қоймағанын байқататын тәрізді.

Ерхан АҚЫН

JAŃALYQTAR

Президент Ішкі істер министрін қабылдады

Мемлекет басшысына еліміздегі криминогендік жағдай, ішкі істер органдарының биылғы жылдың бірінші тоқсанында атқарған жұмысының қорытындылары туралы мәлімет берілді. Министр Ерлан ТұрғымбаевПрезидентке ведомство жұмысындағы бірқатар оң үрдістер жайында айтты.

Ерлан Тұрғымбаевтың айтуынша, биыл қылмыс деңгейі 13 пайызға қысқарған, тонау, ұрлық және бұзақылық 37 пайызға аз тіркелген. Қоғамдық орындар мен көшелердегі қауіпсіздік деңгейі артқан. Қасым-Жомарт Тоқаевқа есірткі қылмысына қарсы күрес туралы баяндалды. Ішкі істер министрінің мәліметтеріне сәйкес, бірінші тоқсанда полицейлер 860 есірткі қылмысын анықтап, синтетикалық заттар жасайтын сегіз зертхананы жойған, бір тоннадан астам есірткі тәркілеген. Министр Президент тапсырмаларының орындалу барысы туралы, оның ішінде, "қол жетімді полиция" қағидатын қамтамасыз ету және учаскелік инспекторлар қызметін реформалау жайында ақпарат берді. Ерлан Тұрғымбаев әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелердің штат санының тиісті нормаларға жеткізілгені, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстық істерді жүргізу бойынша тергеуші әйелдердің мамандануын кезең-кезеңімен енгізу туралы баяндады. Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы ішкі істер органдарын цифрландыру, жол апаттарының алдын алу жұмыстарын жандандыруды тапсырды. Президент жеке құрам мен ведомствоның ақпараттық саясатының жұмысын жетілдіру қажет екеніне назар аударды.

Қаруды заңсыз алып жүрген тұрғын ұсталды

19 сәуір күні таңғы уақытта Қызылорда қаласы Полиция басқармасының кезекші бөліміне ішімдік ішіп алған азаматтың қала көшелерінің бірінде жүргендігі туралы хабарлама түсті. Түскен хабарлама бойынша дереу жеткен патрульдік полиция батальонының қызметкерлері оқиға орнында шолақ мылтығы бар мас күйіндегі азаматты ұстады. Қару тәркіленіп, сараптамаға жіберілді.

Сараптама қорытындысына сәйкес, алынған қару 16-калибрлі тегіс қос ұңғылы, аңшы мылтығы екендігі анықталды. Бұл азамат зауыттық тәсілмен дайындалған аңшы мылтығын кесіп, қолдан шолақ мылтық жасаған. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 287-бабының 3-бөлігімен (Атыс қаруын тегіс ұңғылы аңшылық қаруынан басқа), оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру) сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Полицейлер ұсталған тұрғынның атыс қаруын қайдан алғанын тексеруде.

Ірі көлемде есірткі затын тәркіледі

Қызылорда облысы Полиция департаментінің патрульдік полиция ротасының қызметкерлері Самара-Шымкент тасжолының 1383/883 шақырымында Байқоңыр қаласынан Арал ауданына қарай бағыт алған "Ваз – 2114" маркалы автокөлігін жол ережесін бұзғаны үшін тоқтатқан. Тексеру барысында көліктің артқы орындығындағы сөмкенің ішінен полиэтилен пакетіне оралған ерекше иісі бар, шөп тәріздес зат анықталды.

Сараптама қорытындысына сәйкес, тәркіленген зат жалпы салмағы жарты келіден астам кептірілген марихуана болып шықты. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 296-бабы 2-бөлігімен (Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатынсыз заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау) сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Полицейлер оқиғаның мән-жайын анықтауда.

ТҮР ТАРТЫСЫ

Футболдан OlimpBet Қазақстан чемпионатының 6 турында қызылордалық “Қайсар” “Атырауды” қабылдап, ұпай бөлісті.

Ойын басталысымен шабуылға ден қойған қасқырлар кездесудің 4 минутында есеп ашты. Ұрымтал сәттің бірінде Коралис Лаукжемяс қақпаны дәл көздеп, командасын алға шығарды. Матчтың екінші бөлігінде қонақтар алаңда белсенді болып, 82 минутта таразы басын теңестірді.

Гол соққан – Дмитрий Гузь. Алаң иелері төрешінің соңғы ысқырығына дейін шабуыл ұйымдастырғанымен таблодағы есеп өзгеріссіз қалды. Қорытынды есеп 1-1!

«Қайсар» - «Атырау» 1-1

Голдар: Лаукжемяс 4 (1-0), Гузь 82 (1-1).

Қайсар: Леонов, Кеңесов, Потапов, Рудосельский, Жақсыбаев (Нәрзілдаев 46), Чадженович, Байжанов (Құрманбекұлы 52), Абзалов (Кадемян 52), Денкович (Әмірсейтов 82), Лаукжемяс.

6 турдың орталық ойыны Алматы қаласында өтті. Ел чемпионы “Қайрат” басты жүлдеден үмітті «Тобылды» қабылдады. Алматы Орталық стадионында өткен кездесу 2:2 есебімен аяқталды.

“Тобыл” ойын бастала салысымен есепте алға шықты. Небәрі 2 минутта команда капитаны Азат Нұрғалиев мергендігімен көзге түсті. Ал 20 минутта Хосе Канте жауапты голды соқты. 67 минутта Канте дубль жасап, командасына жеңіс сыйлағандай болған. Алайда алаңға қосалқы құрамнан шыққан Неманья Николич Премьер-лигадағы дебюттік голын соғып, “Тобылды” жеңілістен құтқарды. Матчтың ең қызық жері 80 минутта басталды. Камо Оганесян қызыл қағаз алып, алаңнан қуылса, Нұралы Әліп 11 метрлік айып добынан гол соға алмады.

Бір ұпайды қанағат еткен қос команда турнирлік кестедегі өз позициясын сақтап қалды. “Қайрат” (12 ұпай) үшінші орынға, ал “Тобыл” (12 ұпай) төртінші орынға жайғасты.

Өзбекстанның бас шаһары Ташкентте ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасында Азия чемпионаты басталды. Айтулы додада еліміздің 17 зілтеміршісі өнер көрсетеді.

ТОЛАҒАЙЛАР ТАШКЕНТТЕ

Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Бақыт Ахметовтің айтуынша, біздің спортшылар жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте үздік үштіктің қатарынан көріну үшін барын салады.

Күні кешегі дейін сары құрлықтың басты додасында Қазақстанның ауыр атлеттері табысты өнер көрсетіп, үнемі үздіктер қатарынан көрініп жүрді. Алайда соңғы жылдары допинг дауына байланысты Азия чемпионатында олжалаған жүлделеріміздің саны күрт кеміді. Енді бірте-бірте жағдай оңалып келеді. Жоғарыдағы олқылықтың орнын толтыру үшін Ташкенттегі тартыста толағайларымыз бар күш-жігерін жұмсайды деп үміттенеміз. Осы сөзіміз дәлелді болу үшін соңғы бес Азия чемпионатының нәтижесіне көз жүгіртейік.

2013 жылғы сары құрлықтың басты додасын Астана қаласы қабылдады. Өз жерімізде өткен жарыста жерлестеріміз жергілікті жанкүйерлерді қуанту үшін барын салды. Ерлер сайысында 94 кило салмақта сынға түскен Александр Зайчиковтің асқан шеберлігіне тәнті болдық. Қоссайыстың қорытындысы бойынша 385 (175+210) кило салмақта еңсерген Сыр бойының сайыпқыраны жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді. Әйелдер арасында Анна Нұрмұхамбетова (75 кило) мен Александра Аборневаға (+75 кило) тең келер ешкім табылмады. Фархад Харки (62 кило) күміс алса, Евгений Естафьев (85 кило) пен Ибрагим Берсанов (+105 кило) қолаға қол созды. Қорытынды есепте отандастарымыз (3 алтын+1 күміс+2 қола) үшінші орынды еншілесе, бірінші орынды Солтүстік Кореяның (4+3+2 қола), екінші орынды Иранның (4+1+2) зілтеміршілері жеңіп алды.

2015 жылы Таиландтың Пхукет қаласында өткен жарыста Айдар Қазов (77 кило), Ермек Өміртай (85 кило) және Рүстем Сыбай (94 кило) бас жүлдені олжаласа, Әсем Садықова (58 кило), Фаина Сыбанбаева (63 кило) және Майра Файзолаева (69 кило) қола медальға қол созды. Осы нәтижемен жерлестеріміз жалпы есепте екінші орынды иеленді. Алдымызда тек Қытай құрамасы. Олар 6 алтын, 3 күміс және 1 қоланы қоржынға салды.

2016 жылы Ташкентте өткен жарысқа Қазақстаннан қосалқы құрамдағы зілтеміршілер аттанды. Өйткені белді спортшыларымыз Рио Олимпиадасына даярланып жатты. Бапкерлер олардың еш алаңсыз жаттығуына кедергі жасамауды құп көрді. Өзбекстанның бас шаһарында отандастарымызға бір алтын ғана бұйырды. Оның иегері – 85 кило салмақ дәрежесінде сынға түскен Денис Уланов. Нәтижесінде Жапония, Моңғолия және Қырғызстанмен бірге 6-9 орындарды өзара бөлістік.



2017 жылы допинг дауының өршуіне байланысты Түрікменстанның астанасы – Ашхабадқа үш зілтеміршілер ғана аттанды. Солардың арасынан 69 кило салмақтағы Альберт Линдер суырылып шығып, алтын медальді олжалады. Жалпы есепте біздің команда жетінші орынға табан тіреді. 2018 жылғы жағдай да дәл солай болды. Санаулы ғана спортшыға сенім артқан Қазақстан құрамасы Қытайдың Нинбо қаласынан үш қоламен оралды. Бұл жүлделердің иегерлері – Арли Чонтей (55 кило), Денис Уланов (81 кило) және Раушан Мешітханова (81 кило). Командалық есепте 14-орынды қанағат тұттық.

Ташкентте шымылдығы түрілген Азия чемпионатында басты үміт әлемнің үш дүркін чемпионы, Азия ойындарының екі дүркін күміс жүлдегері Зүлфия Чиншанло (55 кило), әлем чемпионатының күміс жүлдегерлері Арли Чонтей (55 кило) мен Игорь Сон (61 кило), осыған дейін де Азия біріншілігінде үздіктер санатынан көрінген Раушан Мешітханова (87 кило) мен Ибрагим Берсанов (109 кило) сынды сақа спортшыларға сенім артылуда. Одан бөлек, жастайынан жасындай жарқылдап, өз қатарластары арасында қарсылас шыдатпай жүрген 17 жастағы жерлесіміз Рахат Бекболат та (102 кило) қалың топтың арасында қалып қоймайды деп үміттенеміз.

Ал Азия чемпионатында Қазақстанның намысын қорғайтын ауыр атлеттердің толық тізімі мынадай:

Ерлер: 55 кило – Абылай Әуелханов пен Арли Чонтей, 61 кило – Игорь Сон мен Алексей Дроздов, 67 кило – Сайрамкез Ақмолда, 81 кило – Александр Уваров, 89 кило – Нұрғиса Әділетұлы, 102 кило – Артем Антропов пен Рахат Бекболат және 109 кило – Ибрагим Берсанов.

Әйелдер: 55 кило – Зулфия Чиншанло, 64 кило – Гүлнұр Ыбырай, 71 кило – Екатерина Быкова мен Айша Омарова, 81 кило – Карина Құзғанбаева, 87 кило – Раушан Мешітханова және +87 кило – Айзада Мүптілда.

Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында әйелдер күресінен Азия чемпионаты аяқталды. Қазақстан ұлттық құрамасы айтулы жарысты 2 алтын, 1 күміс және 3 қола медальмен қорытындылап, жалпыкомандалық есепте үшінші орынға табан тіреді. Бұл бәсекеде біздің қыздар тек Үндістан мен Моңғолияның балуандарынан ғана қалып қойды.

АРУЛАР ҮЗДІК ҮШТІКТЕ

Әйелдер күресінен Қазақстан құрамасының қоржынына алғашқы алтынды Валентина Исламова салды. Осыған дейін Азия чемпионатына екі мәрте қатысып, үшінші орыннан аса алмаған сақа спортшы бұл жолы алтын тұғырға көтерілді. Бір кереметі, 50 кило салмақта өнер көрсеткен Валентина үш кездесуді де мерзімінен бұрын аяқтады. Тұсаукесер кездесуінде үндістандық Сема Семаның сілікпесін шығарып, айқын жеңіске қол жеткізген ол іле-шала моңғолиялық Анудари Нандинцэцэг пен тайпейлік Юнг Хсун Линнің санаулы секундтарда тас-талқанын шығарды. Финалда жерлесіміз өзбекстандық Жасмина Иммаеваның осал тұсын оңай тапты. Осылайша Азия чемпионы атану үшін Валентина Исламоваға небәрі бес-алты минут қана жеткілікті болды.



76 кило салмақтағы Елмира Сыздықова тұсаукесер кездесуінде әлем кубогы мен Азия ойындарының қола және құрлық біріншілігінің күміс жүлдегері, қырғызстандық Айпері Медетқызына есе жіберді. Сол сәтте жерлесімізге енді бас жүлде бұйырмайтын шығар деп ойладық. Бірақ Рио Олимпиадасында жеңіс тұғырына көтерілген Сыздықова Алматыда да өзіне артылған сенімді ақтады. Айналмалы жүйе бойынша өткен жарыста қатарынан екі қарсыласын қапы қалдырған ол финалда Медетқызымен қайта кездесті. Бұл жолы Елмира Айперінің қос жауырынын жер иіскетті.

Алғашқы айналымда 55 кило салмақтағы Айша Уәлишан кореялық Ким Хиунды қапы қалдырып, екінші кездесуде моңғолиялық Дулгун Мұңхболд Болормаға есе жіберді. Үшінші кезеңде өзбекстандық Мадина Осмонжановаға да Айшаның әлі жетпеді. Десек те осы жалғыз жеңістің өзі жерлесімізге қола медальді еншілеу үшін жеткілікті болды. Ал 59 кило салмақтағы Диана Қаюмова мен 68 кило салмақтағы Анастасия Панассович қатарынан екі кездесуде сәтсіздікке ұшырап, жарысты мерзімінен бұрын аяқтады.

Келесі жарыс күні тағы бес аруымыз боз кілемге шықты. Солардың арасынан ең үздік нәтижеге 72 кило салмақтағы Жәмила Бақбергенова қол жеткізді. Үндістандық Дивия Какранға ғана есе жіберген қазақ қызы күміс медальді еншіледі. Шешуші тұста ол моңғолиялық спортшыға есе жіберді. 53 кило салмақтағы Асылзат Сағымбай мен 57 кило салмақтағы Алтынай Сатылған қола жүлдеге қол созды. Ал Ирина Кузнецова (62 кило) мен Гауһар Мұқатай (65 кило) қалың топтың арасында қалып қойды.

ЕУРОПАДА ЖАҢА ЖОБА

Әлем коронавируспен әбігерге түссе, кәрі құрлық футболдан жаңа жоба ойлап тапты. Жобаның атауы – Еуропа Суперлигасы. Еуропадағы үздік бес чемпионаттың ішіндегі англиялық, испаниялық және италиялық клубтар бұл турнирдің құрылуына өз келісімін берді және жаңа турнирді жасырын түрде құруды жоспарлады. Яғни, бұл турнирге УЕФА мен ФИФА-ның ешқандай да қатысы болмайды.

Ресми емес мәліметтер бойынша, жаңа турнирге қатысатын 20 команда 10 командадан тұратын екі топқа бөлінеді. Командалар суперлиганың бір маусымында 18-23 матч өткізеді. Суперлигаға қосылған клубтардың әрқайсысы 350 миллион еуродан алады деп күтілуде.

Чемпиондар Лигасының ақтық кезеңіне жолдама алып, чемпион атанған команда 120-140 миллион еуро көлемінде пайда табатыны көпке белгілі. Ал Суперлигада чемпион атанбай-ақ 350 миллион еуроны қалтаға басуға болады. Бұл клубтар арасындағы бәсекелестікті төмендетіп, ақшаға деген қызығушылықты арттыратыны сөзсіз.

Ал УЕФА Еуропа Суперлигасының құрылуы туралы мынандай мәлімдеме жасады.

– УЕФА, Ағылшын Футбол Ассоциациясы (FA), Англия Премьер-лигасы, Испания Корольдігінің Футбол Федерациясы (RFEF), Ла Лига, сондай-ақ Италия Футбол Федерациясы (FIGC) және А Сериясының басшылығы бірнеше клубтардың Суперлига деп аталатын жаңа турнирді жасырын түрде құруды жоспарлап отырғанын білді.

Егер бұл жағдай орын алса, біз жоғарыда аталған ұйымдар, сондай-ақ ФИФА және біздің барлық қауымдастықтар бірнеше клубтардың жеке мүдделеріне негізделген осы қитұрқы жобаны тоқтату үшін бар күш-жігерін салуға дайын екенін тағы бір рет айтқымыз келеді. Біз бұл тұста барлық шараларды қарастырамыз, сотта да, спортта да Суперлиганың құрылмауы үшін барымызды саламыз. Футболдың негізін адал бәсекелестік пен спорттық құндылықтар құрайды. Бұған дейін УЕФА мен алты федерация мәлімдегендей, Суперлигаға қатысуға келіскен клубтардың ұлттық, еуропалық немесе жаһандық деңгейдегі кез келген жарыстарға қатысуына тыйым салынады және олардың ойыншыларына өз құрамаларының атынан шығу мүмкіндігі берілмейді. Біз басқа елдердегі клубтарға, әсіресе осы жобаға қатысудан бас тартқан франциялық және германиялық клубтарға алғыс айтамыз. Барлық футбол жанкүйерлерін және саясаткерлерді осы жобаны тоқтату үшін бізбен бірге болуға шақырамыз. Бір топ адамның бұл жобаға жеке қызығушылығы тым ұзаққа созылды. Барлығының шегі болуы керек, – делінген УЕФА-ның ресми сайтында.

The New York Times басылымы хабарлағандай, Суперлигаға қатысуға 12 клуб өз келісімін берді:

- “Манчестер Юнайтед”;
- “Манчестер Сити”;
- “Ливерпуль”;
- “Арсенал”;
- “Челси”;
- “Тоттенхэм Хотспур”;
- “Реал Мадрид”;
- “Барселона”;
- “Атлетико”;
- “Ювентус”;
- “Интер”;
- “Милан”.

Жаңа турнирге қатысудан бас тартқандар арасында “Бавария”, “Боруссия Дортмунд” және “Пари Сен-Жермен” секілді клубтар бар. Суперлигаға қатысқан жағдайда УЕФА дәл осы клубтарды еуропалық жарыстан шеттетуі мүмкін, сондықтан аталған командалардың басшылығы тәуекелге барғысы келмеді.

Соңғы ақпараттарға сүйенсек, бұл жобаның құрылуына түрткі болған адамдардың бірі Флорентино Перес екен. “Реал Мадридтің” президентіне басқа клубтардың басшылары да көмектескен көрінеді. Олардың ішінде Стэн Кронке (“Арсенал”), Андреа Аньелли (“Ювентус”), Джон Уильям Генри (“Ливерпуль”) және Джоэл Глэйзер (“Манчестер Юнайтед”) секілді беделді тұлғалар бар.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

Жәнияны бес университет оқуға шақырды

Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12 сынып оқушысы Жәния Абжан АҚШ-тың бес университетіне шақырту алды.

Жәнияның айтуынша, АҚШ-тың Сент Луис, Вашингтон & Ли, Тампа және Оңтүстік Флорида университеттерінің шәкіртақысына ие болғанымен, Нотр-Дам университетінің жауабын асыға күткен.

– Бес жоғары оқу орнынан шақыру келді. Соның ішінде, Вирджиния штатында орналасқан Вашингтон & Ли университеті еңбегіме қарай менің оқу, жатын орын және тамақтану шығындарын толығымен өтейтін шәкіртақысын ұсынды. Ал Сент Луис университеті Президенттік шәкіртақы тағайындады. Өзге екі жоғары оқу орны да ең жоғары шәкіртақы ұсынды. Алайда, мен Нотр-Дам университетінің жауабын асыға күтіп жүрдім. Себебі, ол АҚШ-тың үздік университеттерінің рейтингісінде үнемі жоғары орынға ие. Сондай-ақ, ол Чикаго қаласына жақын орналасқан, бұл, өз кезегінде, әлемдік компанияларда тәжірибеден өтуге мүмкіндік береді. Аталмыш университет әу бастан менің армандаған университеттерімнің бірі болды. Жоғары академиялық жетістіктерден бөлек, мені университет қауымдастығы қызықтырады. Студенттер ұйымшылдық пен университет рухын ерекше атап өтеді. Кондолиза Райс сияқты табысты тұлғалар мен түлектер студенттерге жиі дәріс оқиды, – дейді ол.

Жәния – мектепішілік өмірдің белсенді қатысушысы, түрлі олимпиадаларға қатысып, еріктілікпен айналысып жүрген алғыр оқушы. Экономика, ағылшын және биология пәндерін тереңдетіп оқып жатқан оның таңдауы «Компьютерлік ғылымдар» мамандығына түсті. Дегенмен, алдағы уақытта екі мамандықты да алу оның жоспарында бар.

– Нотр-Дам университеті ұсынған шәкіртақы оқу, жатын орын және жол шығындарымды толық өтеп, медициналық сақтандыру және оқулықтармен қамтамасыз етеді. Осы орайда, мектебімнің, мұғалімдерімнің берген білімі мен қолдауы үшін үлкен алғыс білдіргім келеді. Алған білімімді дұрыс қолдана отырып, Магистратура, PhD бағытында біліктілігімді арттырғым келеді. Мақсатыма жетуде «Тек қана алға!» деген өмірлік ұстанымның көмектесетініне сенімдімін, – дейді жас зияткер.

ЕСЕПШІ МАМАНДЫҒЫ БОЛМАЙДЫ



Ведомство өкілі жастарға сұранысқа ие мамандық бойынша білім алуға кеңес берді.

Елімізде электронды еңбек биржасына сараптама жүргізіліп тұрады. Әр мамандық әртүрлі уақытта сұранысқа ие. Мысалы, жыл басында құрылысшыларға, қызмет көрсету саласындағы мамандарға сұраныс көп болса, қазір маусымдық кезең болғандықтан, ауыл шаруашылығы саласында жұмысшылар тапшылығы байқалады. Сондай-ақ денсаулық сақтау саласында дәрігерлер, онлайн форматта жұмыс істейтін IT-мамандар аз. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ержан Біржанов Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімдеді.

Оның айтуынша, еңбек нарығындағы сұранысқа байланысты оқыту курстары ұйымдастырылады.

«Қажетті мамандықтар атласы жасалды. Бүгінде елімізде ғана емес, басқа мемлекеттерде де өзгерістер болып жатыр. Себебі еңбек нарығы өте жылжымалы, жаһандану бар, көп жерлерде шекара жоқ, отандастарымыз шетелге барып жұмыс істеуде, бізге де шетелден келіп жатыр, пандемия кезінде шекара жабылғандықтан олардың саны азайды. Бірақ болашақта мұндай процестер болады. Болашақта қандай мамандықтар жойылады, қандай мамандықтар трансформацияға ұшырайды, қандай мамандықтар сұранысқа ие болады, осының бәріне сараптама жүргізілді», – деді Е.Біржанов.

Оның айтуынша, қазір цифрлық технология бойынша жаңа мамандықтар шығып жатыр. Ал есепшілер, еңбекақы санайтындар жойылып бара жатқан мамандыққа жатады. Өйткені жаңа технологиялар енгізіліп жатыр, жұмыс орындары қысқарып, бәрі автоматтандырылады.

TÁÝELSİZDİK QARLYǴASHTARY

НАЗГҮЛ – ЕҢ АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ КОРРЕСПОНДЕНТ

2013 жылы Назгүл Кенжетай Қызылорда қаласындағы №10 орта мектепті бітіріп, Түркияның Анталия қаласындағы Ақдениз университетінің журналистика мамандығына оқуға түседі. Ол – қазір халықаралық әскери корреспондент ретінде танымал, фотограф және еуропалық журналист. Оның жұмыстары Катар, Түркия және Еуропаның т.б. елдерінде жекеменшік көрмелерде қойылды.

Оның жазғандары BBC-де жарияланды. Түркиялық БАҚ Назгүлді Қазақстаннан келген ең алғашқы әскери корреспондент деп атайды екен. Ол өзінің жұмысында босқындардың өмір салтын көрсетеді. Кейіпкеріміз БҰҰ және ЮНИСЕФ-пен серіктестік ете отырып, Түркияға және Сирия шет елдеріне бірнеше іс-сапарға барады. Назгүлдің мақсаты – соғысты қаз-қалпында көрсету және жәбір көрген балалардың үніне құлақ асу. Ол үшін журналистика тек мамандық емес, көмекке мұқтаж жандарға қол созудың және қоғам мәселелеріне әлем назарын аудартудың тәсілі деп біледі.

– Мені әрдайым фотожурналистика саласы қызықтыратын: осыдан бес жыл бұрын мен алғашқы фотоаппаратымды игердім, содан бері суретке түсіріп келемін. Түркияға оқуға келгенімде бұл жерде босқындардың көп екенін көрдім. Олар күніне екі доллар үшін қара жұмыс істейді. Ол ақша тек нанға ғана жетеді. Тамақ үшін жұмыс істейтіндер де аз емес. Оларға деген қарым-қатынас немқұрайлы: еуропалықтар әр басқан қадам сайын мигранттарды көріп үйреніп қалған және оларды кедей, сұрамсақтар ретінде қабылдайды. Алайда олар дәл біз сияқты адамдар, тек қиын кезеңде және соғыс өрті тұтанған жерде туған. Мен өзіме «Назгүл, сен оларға көмектесуің қажет. Журналист емес, адам ретінде. Сен оларға қалай көмектесу керек екендігін білесің, тек көмектес оларға» деп тіл қаттым. Осыған қатысты ақпаратты құлағына да елемей, өткізіп жіберетін қоғамның назарын оларға аудартқым келді, – дейді Назгүл.

Бүгінгі таңда Назгүл Еуропадағы жергілікті агенттіктер үшін түркиялық корреспондент ретінде штаттан тыс журналист болып жұмыс істейді.

(22-28 сәуір)

JULDYZ – JORAMAL

ТОҚТЫ
Жақындармен әңгіме-дүкен құратын апта. Іскерлік кездесу ұйымдастыруға да қолайлы болады. Бұрын қарым-қатынасыңыз ажырап кеткен жандармен қайта тіл табысасыз. Кикілжіндер жойылып, барлығы орнына келеді.

АРЫСТАН
Жемісті апта. Өзіңіздің барлық жұмысты игеруге күш-қуатыңыз жететінін сезінесіз. Айналаңыздағы жандар алған бетіңізден қайтпайтын мінезіңізді біліп, сіздің жолыңызға тосқауыл болмайды.

МЕРГЕН
Ешқайда асықпаңыз. Барлығының өз уақыты бар. Осыны естен шығармаңыз. Орын алып жатқан оқиғаларды өзгертемін деп әуреге түспеңіз. Барлығын уақыт еншісіне салып, әліптің артын бағыңыз.

ТОРПАҚ
Алдағы уақытта өміріңіздің бір бөлшегіне айналатын жанмен таныс боласыз. Бұл кездесу сізге қуаныш сыйлайтын болады. Ішкі түйсігіңіз кіммен дос болуды, кімнен бойды аулақ ұстау қажет екенін ескертеді.

БИКЕШ
Жұмыс жасауға құлшынысыңыз артады. Маңдай терді төкпей, іс өнбесін жақсы білесіз. Сондықтан қызықты ұсыныстар бойынша жұмыс жасауды қолға аласыз, оған бар күш-жігеріңізді саласыз.

ТАУЕШКІ
Жұмысқа қатысты шаруаны реттеуге ыңғайлы болмақ. Жаңа тапсырмалар беріледі. Олардың барлығына қызығушылық танытасыз. Сонымен қатар бойдағы талантыңызды сыртқа шығарып, жұртты таңқалдырасыз.

ЕГІЗДЕР
Асығуға тура келеді. Маңызды жұмыстарда тез шешім қабылдауыңыз қажет. Барлық шаруаны назарда ұстаңыз. Ұсақ-түйекке де мән бергеніңіз жөн. Сондай-ақ аптада қызықты жаңалық естисіз.

ТАРАЗЫ
Қобалжулысыз. Себебі барлық шаруаны асығыс орындайсыз. Жұмысты асықпай жасағыңыз-ақ келеді. Бірақ уақыт аз. Апта аяғында жұмыстағы және жеке өміріңіздегі мәселелерді ретке келтіресіз.

СУҚҰЙҒЫШ
Табысқа жетуге мүмкіндік туды. Ол үшін тез шешім қабылдағаныңыз жөн. Өз ойы, өз-өзіне сенімі жоқ адамдардың да жолы болады. Жауапкершілік жүгін мойнына арқалай алатын жандар жетістікке жете алады.

ШАЯН
Барлығы керемет, жұмыс жасауға қолайлы апта болады. Қиын жұмыстың өзін оңай орындап тастайсыз. Қолға алған жобаларды орындауға, былтыр қолға алған шаруаны аяқтауға қолайлы сәт туды.

САРЫШАЯН
Сәтті аптада жағымсыз оқиғалар орын алмайды. Маңызды сұрақтарға жауап табасыз, қиын жұмысты да орындап шығасыз. Жалпы, аптада жолыңыз болады. Жақын адамдармен де жақсы қарым-қатынас орнатасыз.

БАЛЫҚТАР
Соңғы уақытта сізді сергелдеңге салған мәселенің шешімін табуға болады. Барлық мәселенің ақ-қарасы анықталғаннан кейін қай бағытта жұмыс жасау керектігін ұғасыз. Осыдан кейін қорқынышыңыз жойылады.

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айжан АБДУЛЛАЕВА

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastarygmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8516
Тапсырыс: 573